



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№28 (668)
9 ШІЛДЕ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ



ШИ

7 ШІЛДЕ — КАЗАҚСТАН ҚОЛӨНЕРШІЛЕР КҮНІ

ТОҚУДЫҢ ШЕБЕРІ — ЗЫЛИХА АПА



Ши тоқу – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнердің бірегей түрі. Алайда көнеңіз көзіндей болған өнер бүгінде жоғалып бара жатқандай. Бір кездері әр шаңырақтың сәніне айналған шиден тоқылған бұйымдардың орнын бүгінде фабрикалық өнімдер басты. Бұл саланы жаңғырту – өткенге құрмет қана емес, болашақ алдындағы жауапкершілік. Осынау өнерді сақтап, оны заман ағымына лайық дамытып жүрген шеберлердің бірі де, бірегейі – Зылиха Амануллақызы.

Бүгінде ол Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жиделіарық ауылының тұрғыны, Қазақстан шеберлер одағының мүшесі, ұлттық қолөнерді дәріптеп жүрген танымал ши тоқушы. Көнеден келе жатқан қазақтың дәстүрлі өнерін заман талабына сай жаңғырта білген шебердің еңбегі көпшілік тарапынан жоғары бағалануда. Ұлттық мұраны насихаттаушы, он саусағынан өнер тамған шебермен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Әуелі мерекенізбен құттықтаймын! Ши тоқу өнеріне қызығушылығыңыз неше жасыңызда оялды? Бұл істі кімнен үйрендіңіз?

– Рақмет, қызым! Мектеп қабырғасында оқып жүргеннен бастап сурет салуға құмар едім. Қателеспесем, 4-сыныптан бастап сабақта берілген тапсырманы орындап, астындағы суретін салғанды жақсы көретінмін. Сол жасымынан бастап суретке ден қойдым. Мектепті тәмамдап, бір жылдан соң бригадаға бөлініп, ауылымыздағы қыш зауытқа жұмысқа бардым. Сол жерде жарты жыл жұмыс істедім, кейін жан-жақта еңбек етіп жүріп, 1978 жылы тұрмысқа шықтым. Жас келін болып шаңыраққа түскен алғашқы жылдардан-ақ шығармашылықпен айналысуды қалап, сурет салғым келіп тұратын. Сөйтіп үйдің қабырғасына сурет сала бастадым. «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» деген сөз бар қазақта. Адамның бойында қандай да бір өнер болса, оны мың жерден тұншықтырғанымен, ол саған ешқашан маза бермейді. Шындығында, ши тоқу өнеріне 35 жасымда келдім.

Бірде ауылыма, төркініме жол түсіп, қылдырып бардым. Сонда сол жақта бір сіңіліміз Абай Құнанбайұлының портретін шимен тоқыған екен. Әлгі жұмысты көріп таңғалдым, бір жағынан қатты қызықтым. Риза болғаным сонша, айналып-толғанып Абайдың бейнесін айнытпай жасаған қолынан сүйгенім әлі есімде. Ауруханада жатқан әкем сонда: «Қызым-ау, сенің қолыңнан сурет салу келеді ғой. Бұны оп-онай үйреніп аласың», – деді. Елге келген соң ши тоқу әдісін біртіндеп менгеріп бастадым. Бойымдағы барымды осы бағытқа тоғыстырып, ши тоқуға тоқтадым. Сонда ғана өзіме керекті, жан қалауым осы ши тоқу екенін түсіндім.

Әр жұмыстың өз қиындығы, өзіне тән әдісі болады. Соның бәрін тәжірибе арқылы менгердім. Кейде бір ғана бұйымның басында ұзақ отырып қалатынмын. Бірақ соның ешқайсысы жалықтырған емес. Керісінше, әр аяқталған жұмыс қанаттандырып, осы өнерге деген қызығушылығымды бұрынғыдан да арттыра түсті. Өз қолыңнан шыққан дүниелерге қарап, дұрыс жолды таңдағаным көзім жете бастады. Сурет салуға деген бала күнгі құштарлығым осы өнердің бойынан толық көрініс тапты. Бүгінде сол бір кездегі қызығушылық үлкен өмірлік жолыма айналып, ұлттық өнерді дәріптеуге мүмкіндік беріп отырғанына қуанамын.



СЫР СУЫ САРҚЫЛСА...

Сырдария – Қызылорданың құрметіміз. Бұл – жай ғана өзен емес. Бұл – өгінің ырысы, елдің несібесі, тіршіліктің өзегі. Сырдың жағасында өмір сүріп жатқан мыңдаған отбасының күнкөрісі, өңірдің экономикасы мен экожүйесі осы өзенмен тікелей байланысты.

Кейінгі жылдары Сырдариядағы су көлемінің азаюы, климаттың өзгеруі, мұздықтардың кемуі және трансшекаралық су мәселесі жұртшылықтың алаңдаушылығын күшейтті. Сондықтан қызылордалықтарды бір ғана сұрақ мазалайды: «Егер, бір күні Сырдария суы таусылса, не болады?»




Әлемдегі саяси ахуалдан бастап, үйдегі ұсақ-түйекке дейін мәлімет беретін ChatGPT-дің дәурені жүріп тұр қазір. Минутқа жеткізбей сауалыңа ақпарат ұсынатын осы көмекшінің пайдасы көп. Дегенмен «адамдар телефоннан ажырамайды» деп дабыл қаққан қоғамда қосымшаның кері есері де жоқ емес. Бүгін осы тақырыпты егжей-тегжей талқылауды жөн көрдік.

НАҒЫЗ БӘСЕКЕ КІТАП ПЕН АІ АРАСЫНДА ЕМЕС

ChatGPT-ден сұрап көрмедің бе?

Әлденең жауабын іздегенде осы тіркес ойға бірінші келеді. Ақылды қосымша адам өміріне енгелі Google-ла, Yandex-те «жолда қалғандай» пікір қалыптасты. Расында, «түйсігі жоқ», бірақ түрлі сезімді түсіндіре алатын бұл қосымшаны OpenAI компаниясы адамзат игілігі үшін жасаған. Осыдан

он бір жыл бұрын жасанды интеллекттің жалпы жобасы құрастырылып, 2018 жылы алғашқы GPT моделі таныстырылды. Ол үлкен көлемдегі мәтіндерді оқып, тілдің заңдылықтарын үйренетін жаңа тәсілді көрсетті. Арда бір жыл өткен соң GPT-2 жарық көрді және ол бұрынғы модельге қарағанда әлдеқайда сапалы мәтін жаза алуымен ерекшеленді.



ЖАҚСЫ ЕСІМ — ЖАРТЫ ТАҒДЫР

– «Сұмырай Абай! Оңбаған Абай!»

Күн сайын терезенің ар жағынан естілетін осы сөздер Зейнеп Ахметова өз естеліктерінде баяндаған бір оқиғаның өзегіне айналған. Бірде Бауыржан Момышұлы келінімен шай ішіп отырғанда, көрші әжей немересін ұрсып, «Абай» есімін ауыр сөздермен қайта-қайта қорлайды. Мұны естіген батырдың қабағы бірден түйіліп, әлгі әжейдің әрекетіне қатты налиды.

Арда біраз уақыт өткенде олар әжейді көшеден кездестірді. Сонда Бауыржан Момышұлы оған: «Не баланың атын өзгерт, не тіліңді тый. Әйтпесе атып тастаймын», – деп қатаң ескерту жасайды. Бұл – жай ғана реніш емес, есімнің қадірі туралы ұлттың танымынан туған ұстаным еді. Өйткені қазақ үшін балаға ат қою – жай таңдау емес, аманат. Ал ұлы тұлғаның есімін беру – сол атқа лайық тәрбие мен жауапкершілікті қатар арқалауды меңзейді.

Жоғарыда жазылған оқиғаны қазақтың салт-дәстүрін терең зерттеген Зейнеп Ахметова өз еңбектерінде келтіреді. Бір қарағанда бас қатыратын дүние емес, бірақ мәніне келсек, астарында үлкен мәселе бар. Расымен, біз балаға есім бергенде сол аттың салмағын сеземіз бе? Әлде сөзге еріп, мағынасына үңілмей, әдемі естілсе болды деп қоя саламыз ба? Нақтырақ тарқатайық.



ФАББИНГ:

ЖАҚЫНЫҢ ЖАНЫҢДА, НАЗАРЫҢ АЛЫСТА

Басы 1-бетте

ФАББИНГ: ЖАҚЫНЫҢ ЖАНЫҢДА, НАЗАРЫҢ АЛЫСТА

Осы бір көзге қораш, бірақ көңілге қаяу түсіретін мінез-құлықтың ғылымда өз атауы бар. Бұл – фаббинг. Біз мұны зиян әдет ретінде қарастырамыз. Бірақ шын мәнінде бұл тәуелділікке айналып кетті.

«Фаббинг» ағылшын тіліндегі телефон және біреуді елемей, менсінбеу сөздерінің бірігуінен туындаған. Бұл сөз алғаш рет 2012 жылы Аустралияның Masquaric сөздігін шығарушылар мен McScan жарнама агенттігінің бастамасымен ұйымдастырылған арнайы ғылым аясында дүниеге келді. Олар қоғамдағы жаңа кеселді сипаттау үшін ең қонымды терминді іздеп, әдебиетшілер мен тіл мамандарының басын қосты.

Содан бері ондаған жылдан астам уақыт өтсе де, бұл ұғымның өзектілігі төмендеген жоқ, керісінше, оның шекарасы кеңейе түсті. Бүгінде фаббинг – жаныңдағы адамды елемей, бар назарыңды смартфонға аудару. Бұл феноменді ғылыми тұрғыдан алғашқылардың бірі болып АҚШ-тың Бэйлор университетінің профессорлары Джеймс Робертс пен Мередит Дэвид зерттеді. Олардың романтикалық қарым-қатынастардағы фаббингтің әсерін бағалауға арналған зерттеуі үлкен сенсация тудырды.

Ғалымдардың зерттеуіне сәйкес, тәжірибеге қатысқан ересек адамдардың 46,3 пайызы өз серігі тарапынан фаббингке ұшырайтынын мойындаған. Олардың 22,6 пайызы дәл осы смартфонға телміру әдетінің кесірін арада үлкен жанжалдар туындайтынын айтқан. Яғни әрбір төртінші жұптың арасындағы кикілжіңге телефон тікелей себепші болып отыр. Сонымен қатар жеке адам үшін фаббинг социалды изоляция мен остракизмге әкелетінін дәлелдеген.

Ұлыбританиядағы Кент универ-



ситетінің психологтары Варот Чотпиаунонд пен Карен Дуглас та бұл мәселені қарастырды. Олардың тұжырымы бойынша, фаббинг тұйық шеңбер құрайды. Сіз біреуден фаббинг көрген сайын, өзіңізді жайсыз сезініп, мазасыздықты басу үшін қолыңызға телефон аласыз. Нәтижесінде, сіз де айналыңыздағыларға фаббинг жасай бастайсыз. Осылайша, бұл кесел қоғамда қалыпты нормаға айналып барады.

– Біз смартфондардың қарым-қатынасымызды қалай бұзып жатқанын байқамаймыз. Адамдар бір бөлмеде физикалық тұрғыда бірге отырғанымен, эмоционалды түрде бір-бірінен мыңдаған миль қашықтықта болады, – дейді Бэйлор университетінің профессоры Джеймс Робертс.

БАЛА МЕН АТА-АНА

Иә, фаббинг таныстардың арасында жиі кездеседі. Әрбір ортада кем дегенде бір адам фаббингке ұшырайды. Бірақ бұл кезде әр адам өзіне жауапты. Яғни, кейінгі салдарының болу не болмауы ересек

адамның шешімі. Ал егерде фаббинг ата-ана мен бала арасында болған кезде жағдай қандай болмақ?

Бұл жайлы метаанализдің 2026 жылғы зерттеуіне зер салайық. Мұнда 3 пен 12 жас аралығындағы 63 000-нан астам баланы қамтыған 14 елден 47 тәуелсіз зерттеулерден алынған дерек қаралған. Оның қорытындысына сәйкес, ата-ананың тарапынан көрсетілген фаббинг балаға көбірек әсер береді. Төрт жасар бала анасының жұмыс істеп отырғанын түсінбейді. Ол тек ата-анасының назарынан тыс қалғанын ғана байқайды. Бұл күніне жеті немесе одан да көп рет қайталанса, балалар кортизол деңгейінің созымалы жоғарылауын және жақындарына деген сенімін төмендетеді. 9 жасқа дейін фаббингпен кездескен балаларда мазасыздық 2-3 есе және өзін-өзі қабылдаумен мәселелер 3 есе жиі кездеседі.

Көріп тұрғандарыңыздай, мәселе көңілді көшітпейді. Басты қиындық ешқашан балада болған емес. Ол әрдайым ата-ананың балаға көңіл бөлмеуінен. Ал кейіннен үйден ұялы телефонды жайлы жайт деп

қабылдаған балада смартфонға тәуелділік басталады. Ал оның бала денсаулығына әкелетін әсері жайлы психолог пікіріне зер салсақ.

– Қазіргі таңда телефон балалар үшін тек байланыс емес, бөлек эмоциялық әлем. Оларқылы бала кино, ойын-сауық, хабар алмасады. Бірақ мұндағы контент қызығушылықты тез тартып алады. Ләззат алу жүйесіне әсер етеді. Нерв жүйесіне де әсер етуі мүмкін. Уақытша дофамин, адреналин гормондарын бөледі. «Клиптік сана» қалыптасады. Сол себепті қазіргі балалар ұзақ уақыт кітап оқып отыра алмайды. Олардың психикасы қысқа контентті талап етеді. Үлкендердің өзі телефонды жиі пайдаланса, бала оны қалыпты мінез-құлық ретінде қабылдайды. Гаджет мәдениетін ерте жастан қалыптастыру керек, – дейді психолог Индира Каниева.

Материалда атап өткеніміздей, бала ата-ана тарапынан болатын фаббингті ауыр қабылдайды. Ал ересектердің өзі бұған қалай қарайды?

Шуаа Әлжасирдің «Ерлі-зайып-тылар арасындағы фаббинг пен қарым-қатынасқа қанағаттанудың тұжырымдамалық моделін сынау» атты еңбегінде осы пайым қарастырылады. Зерттеудегі көрсеткіш 3,158-ді құрайды. Оның ішінде фаббинг деңгейі – 0,87, ал қарым-қатынасқа қанағаттану – 0,74-ті құрайды. Ал қалған нәтижелер әлеуметтік желіні шамадан тыс қолдану секілді тараптар. Байқағандарыңыздай, ересектер де фаббингбен жиі кездеседі.

Бұл мәселеге шешім бар ма? Осы орайда психолог Ержан Мырзабаев атаған бірнеше фактор бар.

– Біріншіден, бір күнді интернетсіз өткізу керек. Екіншіден, достармен көңіл көтеруге жиналар алдында ұялы телефон әкелмеуді өзара ақыласу

немесе отырыс алды смартфондарды жинап алу. Үшіншіден, уақытты қадағалау керек, – дейді ол.

Осы мәселенің шешімін іздей отырып, Сәкен Нұрқабектің әңгімесі еске түседі.

Бір күні Бейсен аға екеуіміз кафеде шай ішіп отырмыз. Неге екені есімде жоқ, көңіл күйім жоқ еді. Бұл жолы да салғыртпын.

– Сен үшін қазір ең қымбат адам кім? – деп төте сұрақ қойды. Не деп жауап берерімді білмей, жұрттың бәрі айтатын тіл ұшындағы жауапты айттым.

- Шешем.
- Таппадың.
- Кішкентай қызым шығар.
- Таппадың.
- Білмеймін онда. Өзіңіз айтыңыз.
- Саған қазір ең қымбат адам кім екенін білмеймін, бірақ кім болуы керек екенін білемін.
- Кім?
- Мен. Дәл қазір мен болуым керек. Алдында кім отырса, қасында кім тұрса, кімнен сөйлесіп тұрсаң сол адам саған ең қымбат адам. Ал егер жұмыс істеп жатсаң – жұмысың, көлік айдап келе жатсаң – жол қымбат.

Гаджет өмірімізді жеңілдететін тамаша құрал екені сөзсіз. Бірақ ол өмірдің өзін алмастыра алмайды. Экранның жылтыр шынысына телміріп, қасымыздағы адамның жанарындағы мұң мен қуанышты байқамай қалмайық. Жастық шақтың ең тәтті сәттері, достармен өткізген думанды кештер мен отбасының жылы экранның арғы бетінде емес, осы жерде, қазіргі сәтте орын алып жатыр.

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ

2026 жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасының Құрылтай сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-ға қарасты аудандық, қалалық, облыстық, республикалық газеттер, ақпараттық агенттіктер және «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 19007 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 4535 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары» газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. Таралымы – 4457 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері. Газеттердің таралымы – 2752-5475 дана аралығы.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қазалық аудандық «Қазалы» газеті аптасына 2 рет шығады: сейсенбі, сенбі. Таралымы – 4348 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде – 140 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

- Stories – 10000 теңге
- TikTok: Video – 15000 теңге
- Stories – 10000 теңге
- Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары», Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
 2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).
- Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
 2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).
- Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында).
Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

ЖУРНАЛИСТ БОЛУ ОҢАЙ МА?



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Бұл сауал журналистиканың өзекті тақырыптарының біріне айналғалы қашан. Мені де «Журналист болу оңай ма, әлде қиын ба?» деген сұрақ қызықтырды.

Журналист – қоғам мен халық арасындағы көпір іспеттес мамандық иесі. Ол адамдарға маңызды ақпаратты жеткізіп қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтерілуіне ықпал етеді. Бір қарағанда бұл мамандық қызықты әрі тартымды болып көрінгенімен, артында үлкен еңбек пен жауапкершілік жатыр. Әрбір жарияланған ақпараттың шынайылығына жауап беру, халықпен жұмыс істеу және оқиғаларды дер кезінде жеткізу журналистің кәсіби шеберлігін көрсетеді. Десе де мамандықтың оңайы не қиыны жоқ. Тек қатар жүретін қызығы бар.

Сөздің басында айтып кеткендей, журналистика қоғам мен халықтың арасын байланыстыратын маңызды мамандықтардың бірі. Осындай үлкен жауапкершілікке не мамандыққа да үлкен талаптар мен міндеттер қойылады. Журналистің этикасы, тек шынайы ақпаратпен жұмыс істеуі, тілшінің кәсіби беделі мен қоғам алдындағы жауапкершілігі әрдайым бірінші орында тұруы тиіс.

XX ғасырдың соңында америкалық журналистер Билл Ковач пен Том Розенстиль журналистиканың негізгі қағидаларын жүйелеп, оның қоғамдағы рөлін нақтылап көрсетті. Олардың еңбектерінде журналистиканың басты міндеті – шындықты айту, азаматтардың мүддесіне қызмет ету және жарияланған ақпараттың дәлдігін мұқият тексеру екені жазылған. Сонымен қатар журналист қызметінде тәуелсіздігін сақтап, билік пен қоғам арасындағы маңызды мәселеге бейжай қарамауы тиіс. Ақпаратты халыққа түсінікті әрі қызықты түрде жеткізу де журналистің маңызды міндеттерінің бірі.

Осы тақырып аясында журналистикаға қызығушылық танығатын студентпен сұхбат жүргіздік. Оның айтуынша, журналист мамандығы сырт көзге қызықты көрінгенімен, жұмыс барысында түрлі қиындық қатар жүреді. «Қазіргі уақытта ақпарат өте көп таралады, сондықтан оның қайсы шын, қайсы жалған екенін анықтау оңай емес. Журналист әрбір мәліметті бірнеше дереккөз арқылы тексеруге

Зере ПРА.ЛИЕВА,
№267 орта мектептің оқушысы

Басы 1-бетте

Сыр суы сарқылса...



Сурет ашық дереккөзден алынды

Бұл сұрақ үрей туғызу үшін емес, ертеңді ойлау үшін қойылады. Өйткені Сыр тартылса, ең алдымен күріш алқаптары қурайды. Мал шаруашылығы мен балық кәсіпшілігі әлсірейді. Ауызсу мәселесі күрделенеді. Арал өңірінің экологиялық ахуалы одан әрі нашарлап, тұзды дауылдардың жиілігі артуы мүмкін. Ең қиыны – өзенмен біте қайнаскан өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнеді.

Халықаралық зерттеулер де Орталық Азиядағы су ресурстары алдағы ондаған жылда климат өзгерісі мен су тұтынуының артуына байланысты үлкен қысымға ұшырайтынын көрсетеді. Демек, мәселе Сырдың ертең-ақ таусылып қалуында емес, оның суын бүгіннен бастап тиімді басқаруда.

Сырдарияның ұзындығы екі мың шақырымнан асады. Бірақ оның суының 90 пайыздан астамы Қазақстан аумағынан тыс жерде қалыптасады. Яғни Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстандағы мұздықтар мен өзендер Сырдың негізгі көрегі саналады. Сондықтан Қазақстанға жететін судың көлемі тек табигатқа емес, көрші елдердің су пайдалану саясатына да байланысты.

Климаттың өзгеруі жағдайды одан әрі күрделендіріп отыр. Ғалымдардың айтуынша, Тянь-Шань мұздықтарының кемуі, жауын-шашын режимінің өзгеруі және жаз мезгіліндегі су тұтынуының артуы төменгі ағысқа келетін суды азайтуы мүмкін.

Ең алдымен ауыл шаруашылығы зардап шегеді. Қазақстандағы күріштің негізгі бөлігі Қызылордада өсіріледі. Ал күріш – суды ең көп қажет ететін дақылдардың бірі. Су азайса егістік көлемі қысқарады, өнім төмендейді. Одан қалды жердің тұздануы күшейеді де, мыңдаған

адамның табысына қауіп төнеді. Бұл тек шаруалардың мәселесі емес. Бұл – азық-түлік қауіпсіздігі мен өңір экономикасына әсер ететін фактор.

Сырдария – Солтүстік Аралдың жалғыз тіршілік көзі. 2005 жылы Көкарал бөгеті салынғаннан кейін теңіз деңгейі көтеріліп, балық шаруашылығы қайта жанданды. Алайда бұл жетістіктің барлығы Сырдария арқылы келетін суға тәуелді. Егер өзен ағыны күрт азайса, Аралды қалпына келтіруге жұмсалған ондаған жылдық еңбекке қауіп төнуі мүмкін.

Ашығын айтуымыз қажет, Сыр суы тартылса, әлеуметтік мәселе басталады. Нақтырақ айтсақ, балықшылар жұмысынан айырылуы мүмкін, фермерлер шығынға батады және ауылдардағы ауызсу тапшылығы күшейеді. Айналып келгенде жұмыссыздық пайызы өсіп, көші-қон үдерісі жеделдеуі ықтимал.

Сырдың жайы мемлекеттік деңгейде бұған дейін талай көтерілді, әлі де өзекті, күн тәртібінен түскен емес. Мұндайда ғылыми зерттеулерге зер саламыз.

Сонғы ғылыми зерттеулер төменгі ағыста, соның ішінде Қазақстан бөлігінде соңғы жылдары су көлемінің азайғанын көрсетеді. Мамандар мұны климаттың өзгеруімен, трансшекаралық су пайдаланумен және ауыл шаруашылығына алынатын судың көбеюімен байланыстырады. Сонымен қатар өзен суының сапасы да нашарлап бара жатқанын айтады.

БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы да Сырдария бассейніндегі ең үлкен қауіптердің бірі – мемлекеттердің су, энергетика және ауыл шаруашылығы мүдделерінің үйлеспесуі екенін атап көрсетеді. Ұйымның

пікірінше, мәселені тек өңірлік ынтымақтастық арқылы шешуге болады.

Ал сарапшылар осы бағытта бірнеше ұсынысты жеткізіп отыр. Бұл үшін бірінші – су үнемдейтін технологияларды кеңінен енгізу қажет екен. Мұнымен қоса арналардағы су шығынын азайту арқылы, суды көп қажет ететін дақылдардың көлемін қайта қарау қажеттігін ескертеді. Ал халықаралық деңгейде көрші мемлекеттермен әділ су бөлу жөніндегі келісімдерді күшейту басты назарда екенін растайды.

Жаман айтпай, жақсы жоқ. 2040 жылға көз тастап, Сырдарияның төменгі ағысы толықтай тартылып, Қызылорда өңіріне өзен суы жетпейді деген гипотетикалық сценарийді елестетсек, біз жоғарыда айтып өткен жайттар алдымыздан шығады. Нақты болжам деп айта алмаймыз, алайда бүгінгі ғылыми зерттеулер де көрсетілген тәуекелдердің жалғасы десек болады. Ашығында, мәселе 2040 жылы не болатынында емес. Сауал – соған жол бермеу үшін біз бүгін не істеп жатырмыз?

Рас. Сырдария ертең немесе арғы күні толық құрғап кетеді деу дұрыс емес. Бірақ бүгінгі ғылыми деректер оның су қоры бұрынғыдай тұрақты емес екенін анық көрсетіп отыр. Егер климаттың өзгеруі мен суды тиімсіз пайдалану жалғаса берсе, ең ауыр салмақты дәл Сырдың төменгі ағысында орналасқан Қызылорда өңірі көтеруі мүмкін.

Сыр – жай ғана өзен емес. Ол – Сыр елінің тарихы, экономикасы және болашағы. Сондықтан бүгін қойылған «Сыр суы таусылса не болады?» деген сұрақтың жауабын ертең емес, дәл бүгін іздеу – уақыт талабы.

Нұр БАҚЫТ

Су саласындағы жігіттермен бірге жаны нәзік болса да, апаттың алдын алып, дамбының басын жағалап жүрген қыз баланы көрсеніз, ол – Тоғжан. Мамандығына жан-тәнімен беріліп, еңбектің қазанында қайнап жүрген Тоғжан Алмасқызының бұл салада жүргеніне де он жылдан асыпты. «Жұмысыңды жақсы көрсен, түк қиындығы жоқ» дейді ол бізбен әңгімесінде.

Гидротехник Тоғжан

Осы учаскеден су алатын шаруа қожалық төрағаларының барлығы мұнда келгенде басшыға емес, әуелі Тоғжанның кабинетіне бас сұғады. Өйткені, маңдай тіреп келетіні де – осы болма. Су алуға келісімшарт жасасады, ақысын төлейді.

– Мен шаруашылықтармен жұмыс істеймін. Жылдың басында кім, қанша гектар жерге қандай дақыл егеді? Осы мәліметтердің барлығын жинақтап, әрбірімен келісімшарт жасасамыз. Шаруа қожалықтарымен ай сайын алатын суын бөлек-бөлек есептеп ай сайын ақт жасаймыз. Одан соң 9 айлық жылдық есептің барлығы – менің қызметімде, – дейді Тоғжан Райымова.

Қыз баланың ә дегеннен мұғалім немесе дәрігер мамандығын таңдағанын көреміз. Бірақ Тоғжан үйреншікті бағыттан басқаға жол салыпты. Су саласының маманы ретінде бұл күнде өз ортасында абыройлы, беделді. «Биллинг» жүйесін меңгеріп, сол арқылы тек учаскенің ғана емес, шаруа қожалықтарының да мәселесін шешіп отыр.

– Алдына түрлі адам келеді. Біреуі күліп келеді, біреуінің қабағынан қар жауып тұрады.

Халықпен жұмыс істеп үйренген тәжірибе бар, ата-анадан алған тәлім мен тәрбие бар, бәріне жылы қабақ танытып, жұмысының жүйеге қойылуына септесіп тұрамыз. Ал сол шаруашылықтар өнімді мол жинап, қуанып жатса, біз де оған қуанамыз. Өйткені, шаруаның екен дақылына уақытылы су барып, күрішті қамыс баспай, егіннің бітік шыққанына тамшыдай болса үлесің тигеніне қуанасын, – дейді Тоғжан Алмасқызы.

Біз сұхбатымызды алып шығып бара жатқанда бірнеше ауылдан келген шаруашылық өкілдерін байқадық. Олар біздің кабинетті босатуымызды күтіп тұр екен. Міне, тоқтамайтын тіршілік тіні осы да. Ал Тоғжан бізден соң «Сәлеметсіз бе?» деп сыпайылап, шаруаның жұмысын реттеуге кірісті. «Іске сәт!» деп, шығып барамыз...

Дәулет ҚЫРДАН

ҮШ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жуырда Су ресурстары және ирригация министрлігі 2022-2023 жылдары басталған реконструкциясы аяқталған үш су шаруашылығы нысанын пайдалануға берді.

Түркістан облысының Ордабасы ауданында ұзындығы 26,15 шақырым болатын «Найман» каналы пайдалануға берілді. Нысанда каналды бетондау жұмыстары жүргізіліп, 75 гидротехникалық құрылыс салынды.

Реконструкцияға дейін «Найман» каналы Ордабасы ауданындағы шамамен 2 мың гектар суармалы жерді, сондай-ақ аудан орталығы мен Қажымұқан ауылындағы үй іргесіндегі жер телімдерін сумен қамтамасыз етіп келген. Жобаның іске асырылуы суармалы алқаптардың көлемін ұлғайтуға және суды тасымалдау кезіндегі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Д.Қонаев

атындағы Үлкен Алматы каналындағы жалпы ұзындығы 1,53 шақырым болатын апатты учаскелерді реконструкциялау жұмыстары аяқталды. Жоба аясында бүлінген учаскелер бөлшектеліп, арна монолитті темірбетонмен қапталды.

Жобаны іске асыру арқылы каналдың техникалық жай-күйі жақсарып, су өткізу қуаты артты және су шығыны азайды. Бұл Алматы облысындағы 33,3 мың гектар суармалы жердің сумен қамтамасыз етілуін жақсартуға мүмкіндік берді.

Батыс Қазақстан облысында Ақжайық ауданының Тоған ауылында орналасқан Киров су қоймасындағы гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау жұмыстары толық аяқталды. Бұл жұмыстар су

қоймасының сенімділігін арттыруға және көктемгі су тасқыны кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

– Бұл жобалар еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су ресурстарын тиімді пайдалану тұрғысынан аса маңызды. Каналдарды реконструкциялау су шығынын азайтып, суармалы егіншілік пен жалпы ауыл шаруашылығының дамуына серпін береді. Ал су қоймаларындағы жұмыстар нысандардың беріктігін күшейтіп, тасқын және еріген қар суын қауіпсіз өткізу мен жинақтауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатыр, – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің баспасөз орталығы

БҮГІН – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Мерхат Байсалов:

Биылғы су деңгейі былтырғыдан жақсы

Су – тіршілік нәрі. Агроиндустриясы дамыған өңір ретінде Сыр елінде бұл тақырып тым тереңдей түсетіні анық. Әсіресе, су тапшылығы тақырыбы мінберден түспей тұр. Тұтас өңірдегі ауыл шаруашылық алқаптарын табиғаттың кәусар байлығымен қамтамасыз етіп, барлығына үлестіріп отырған мекеме «Қызылордасуар» өндірістік учаскесіне барғанбыз. Мұнда жас мамандар да еңбекке араласып, жазда алқап басында, қыста дария дамбысының бойында жұмыс істеуде. Өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Мерхат Әнуарұлымен тілдесіп, жұмысының жай-жапсарымен танысып қайттық.

– Мерхат Әнуарұлы, салада қанша уақыттан бері жұмыс істейсіз?

– Мен мұнда 2018 жылдан бері жұмыс істеймін. Өлеңкіде маман болдым, кейін инженер, аға инженер-гидротехник болып еңбек еттім. Жұмыстың қызығы да, шығығы да болады. Бірақ өз мамандығыңды сүйсең, өз ісіңе құрметпен қарасаң, барлығы қолдан келеді. Сондықтан әуелі адам өз ісін сүю керек. Рас, бізде қиын кезеңдер болады. Жаздың аптап ыстығында алқаптарды аралап, су деңгейін көресің, заңсыз су алғандардың жолын кесесің... Бірақ соның арғы жағында сол суды елдің барлығына тиесілі деңгейде жеткізу мақсаты тұрады.

– Сонда тұтас Қызылорда облысының шаруа қожалықтарын қамтамасыз етесіздер ме?

– Жо-жоқ, бізде аумақтық бөліністер бар. Мәселен, біз Қызылорда қаласына жақын маңдағы ауылдарды аяқсумен қамтамасыз етеміз. Қарауылтөбе, Қосшыңырау, Баймұрат батыр, Қоғалықөл, Ақсуат ауылдық округтеріндегі егін шаруашылығын мысалға алсақ болады. Олар мекемемен келісімшартқа отырады. Суын тиесілі мөлшермен жеткіземіз. Соуір

айынан тамыз айының аяғына дейін егіннің суы – біздің мойнымызда.

Қызылордада көп егілетін дақыл – күріш. Судың басым бөлігін, тіпті толық осы дақылға жұмсаймыз десек те болады. Қазір «Биллинг» жүйесі қанша су кететінін автоматты түрде өлшеп береді. Біз сағадан су ашамыз, ол күріш алқабына барамын дегенше шығын да болады. Соның барлығын есептеп, алқапқа жетуін қамтамасыз етеміз.

Бүгінде «Биллинг» жүйесімен 47 шаруашылық келісімшартқа отырып, су пайдаланып отыр.

– Суды үнемдеу бағытында қандай жұмыс істеп жатырсыздар? Мәселен, каналдардың барлығына лоток қойса, қалай?

– Әрине, үнемдеуге көп ықпал. Бірақ ол лотоктарды пәленбай шақырым ұзындықтағы каналдарға, су жүретін жолдарға қоюдың өзі миллиардтаған теңге. Қала көлемінде үлкен каналдар бар. Соларды бетондауға ұсыныс беріп жатырмыз. Байқадам, Ардақ, Алтынбай, Ешпан, оң жаға магистраль тәрізді каналдар – сол ұсыныс берілгендер қатарында. Оның барлығы уақытты алады. Осылай жайлап ретке келтіріп алуға болады.

Тағы бір айта кетерлігі, жыл са-



йын вегетациялық кезеңге дейін шаруа қожалықтарға ішкі каналдарды қамыс, қоғадан тазартыңыздар деп хат жолдаймыз. Егер каналдың іші таза болса, суды ұстамайды. Бұл да үнемдеудің жолы. Содан соң лазерлік тегістеу жасаңыздар деп айтып жатырмыз. Мұның да пайдасы көп. Атыз тегіс болады, су да біркелкі барады, оның арғы жағында өнімнің мол болатыны да бар. Қазір көп шаруашылық атыздарын лазермен тегістеп жатыр.

– Рұқсатсыз су алып жатқандарға байланысты не айтасыз? Мұндай қиын кезең олардың әрекеті қылмыспен тең шығар...

– Мынадай жағдай болды. Жайлымдық, шабындық жерге рұқсатсыз егін еккен шаруа қожалық анықталды. Барып, жағдайды анықтап, содан кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына хат жолдадық. Басқармадан арнайы техника алып, әлгі шаруа қожалықтың сағасын жауып тастадық. Кейін тағы араладық, олар тағы ашып алыпты. Біз қайта барып,

бөгеп тастадық. Егілген дақылды далада қалды.

– Нысаналы мақсатын өзгертіп, егістік жер етіп, келісімшартқа отыра алмай ма?

– Жоқ, «Биллинг» жүйесі жердің кадастрлық нөмірі арқылы барлық мағлұматын біледі. Қазіргідей су жетпей жатқан жағдайда егістік көлемін арттыруға рұқсат жоқ. Керісінше, қазір жыл сайын күріш көлемі қысқарып, орнына суды аз қажет ететін дақылдарды егіп жатырмыз. Өткен жылы облыста күріш алқабының көлемі 85 000 гектар болса, биыл 70 мың гектар болды. Сөйтіп, қысқарта отыра біз қосымша жерлерге бей-жай қарай алмаймыз.

Тағы бір айтатыны, біз облыстық филиалға бағынамыз. Олар бізге заңсыз шаруа қожалықтар болмасын, анықтаңыздар деп тапсырма береді. Жылда біз осы дағдыдамыз. Егер де рұқсатсыз су алып жатқандар болса, біз мекемеден арнайы техника алып, басына барып, сағасын жабамыз. Күн сайын бақылауда ұстаймыз. Ашса, қайта жауып тастаймыз. Ол бәрібір

жұмыс істей алмайды. Тіпті артық гектарлап егіп жатқандар болса да, назардан тыс қалмайды. Жергілікті ауыл шаруашылығы бөлімдері арқылы мұның барлығын бақылауда ұстаймыз.

– Биылғы су деңгейіне байланысты не айтар едіңіз?

– Су деңгейі жылдан-жылға азайып барады. Былтырдан жақсы. Өткен жылы әрбір шаруашылық кезектесіп суарды. Барлығы бірдей су алса, жетпей қалатын. Биыл ондай кезек жоқ. Шіркейлі арнасының өзінде өткен жылы кезек болды. Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалғаш, Қармақшы аудандары өзара кезектесті. Бес күн Қызылорда қаласы аумағы мен Сырдария, бес күн Жалағаш алды. Олар неге жеті күн десеніз, біріншіден күріштің гектары көп, екіншіден каналдың мойны ұзын. Ол жаққа су барам дегенше, көтерілем дегенше уақыт өтіп кетеді.

– Мерекелеріңіз құтты болсын! Сұхбатыңызға рақмет!


Әңгімелескен Дәулет Қырдан



Басы 1-бетте

Сурет ашық дереккөзден алынды

НАҒЫЗ БӘСЕКЕ КІТАП ПЕН АІ АРАСЫНДА ЕМЕС



тамашалау (14,5%). Респонденттердің тек 11,8 пайызы, яғни әрбір оныншы қазақстандық қана бос уақытында кітап пен газет оқуды таңдайды екен.

Осы тұста сөзіміз біржақты болмасын деген оймен мәселенің мән-жайын қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №5 кітапхананың кітапханашысы Сынасапова Құлайшадан сұрадық.

– Менің бағалауымша, қазіргі жастардың кітап оқу мәдениеті бұрынғыдан жанданып келеді. Әсіресе әлеуметтік желілердегі кітап клубтары мен кітапқа арналған парақшалар жастарды оқуға ынталандырады. Дегенмен, қысқа бейнероликтер мен әлеуметтік желілерге көп уақыт бөлудің салдарынан кейбір жастар көлемді шығармаларды оқуға шыдамсыздық танытады.

Сан ғасыр бойы адамды өнер мен мәдениетке тәрбиелеген кітаптың орнын жасанды интелект баса алмайтынын сала маманы Нұрлан Құлмырзаев та баса айтты.

– ChatGPT сізге «Абай жолын» бірнеше минутта қысқаша мазмұндап бере алады. Бірақ ол шығарманы оқыған кездегі сезімді, автордың тілін, философиясын, кейіпкерлердің психологиясын жеткізе алмайды.

Америкалық нейробиолог Мэриэнн Вулфтің зерттеулерінде терең оқу адамның аналитикалық ойлауын, эмпатиясын және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін дамытатыны көрсетілген. Ал ChatGPT негізінен ақпаратты тез өңдеуге көмектеседі. Меніңше, болашақтың формуласы өте қарапайым: кітап – терең білім береді, ал жасанды интелект сол білімді жылдам қолдануға көмектеседі. Сондықтан кітап пен ChatGPT-ді қарсы қою дұрыс емес. Нағыз бәсекелестік кітап пен АІ арасында емес. Нағыз айырмашылық – АІ-ды саналы қолданатын адам мен оны тек дайын жауап алу үшін пайдаланатын адамның арасында болады, – дейді ол.

Мәселе ChatGPT-де емес, оны қалай қолданатынымызда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айында АҚШ-қа барған сапарында «OpenAI» компаниясымен серіктестік орнатуға уағдаласып келген еді. Бұл келісім елдегі білім жүйесін дамытуға бағытталған.

Жасанды интелект саласындағы алып компания технологияларын қанатқалқы жоба ретінде бастауға қолайлы деп елімізге қызығушылық танытты.

Жалпы алғанда, бүгінгі жастардың кітап таңдауы заман талабына сай өзгергенімен, кітапқа деген қызығушылықтың сақталғаны қуантады. Ең маңыздысы – қандай кітап оқыса да, ол адамның ой-өрісін кеңейтіп, рухани дамуына ықпал етуі тиіс. Олар көбіне өздерін дамытуға, өмірді түсінуге және қызықты оқиғаларға негізделген кітаптарды таңдайды. Мысалы махаббат, детектив, фантастика, фэнтези, тарихи романдар. Сонымен қатар соңғы жылдары Дулат Исабеков, Оралхан Бөкей, Мұхтар Әуезов сияқты қаламгерлердің шығармаларына қызығушылық артып келеді.

Баса айтатын жайт, ешбір интернет жүйесі кітапты толық алмастыра алмайды. Өйткені кітап адамның ойлау қабілетін, тіл байлығын және рухани дүниесін дамытады. Ал интернет пен ChatGPT – білім алуы жеңілдететін көмекші құрал ғана деп ойлаймын. Ал өзін ChatGPT көмегіне жүгінбеймін, – дейді Құлайша Жұмашқызы.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ChatGPT-ді дұрыс қолдана алсақ, пайдасы ұшан-теңіз. Шектен тыс сенсек, зияны да өзімізге тиеді. Осы орайда «оқушылар да ChatGPT арқылы үй тапсырмасын орындайды» деген мәселені жиі естіп жүрміз. Мектептегі мән-жайды білу үшін И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бағжан Бақытжанқызымен тілдестік.

– Технология дамыған заманда оқушылардың сабақ барысында ChatGPT-ды қолдануына түбегейлі қарсы емеспін. Орынды қолданса құптаймын, іздену мақсатында сауалдар қойып, жаңа дүниені игерсе жақсы мүмкіндік деп ойлаймын. Дегенмен жасанды интелект көмегіне толықтай сеніп алмау керектігін оқушыларыма жиі ескертемін.

Жаңа технологияның жақсы да, жаман да тұстары бар. Білім беру үдерісіне пайдасы, біріншіден уақытты үнемдей аламыз. Өртүрлі тақырыпқа сай идеялар алуға болады. Алайда оны шектен тыс пайдалану есте сақтау қабілетін төмендетеді және ондағы ақпараттардың дұрыстығына жүз пайыз сенімді емесіміз.

Кейде үй тапсырмасын қосымша көмегімен орындайтын оқушылар кездесіп отырады. Өз еңбегімен орындайтын оқушылардың да қарасы қалың. Мектеп тарапынан тыйым салынған деген арнайы ереже болмаса да ескертулер мұғалім тарапынан үнемі айтылып отырады. Мектептегі білім мен кітапханадан алатын рухани ілімнің орнын жаңа технология алмастыра алмайды. Кітаптың құндылығы қашанда жоғары бағаланады. Осы мысалды оқушыларға салыстыра айта отырамыз, – дейді Бағжан Бақытжанқызы.

Болашақта ChatGPT адамдардың сыни ойлау қабілетіне кері әсер етеді деген пікір бар. Осы орайда «барлық ақпараттың қолжетімді болуы адам миын «жалқау» етуі мүмкін бе?» деген заңды сауал туындайды.

– Бұл сұраққа біржақты жауап беру қиын. Бұрын адамдар калькулятор шыққанда «енді ешкім есептей алмай қалады» деді. Кейін интернет шыққанда «ешкім кітап оқымайды» деген пікір болды. Бірақ өмір көрсеткендей, технология адамның қабілетін жоймайды, оны өзгертеді. ChatGPT де дәл сондай құрал. Егер адам дайын жауапты көшіріп қана отырса, әрине, ойлау қабілеті әлсірейді. Ал егер ChatGPT-ден бірнеше нұсқа сұрап, оларды салыстырып, дәлелдерін тексеріп, қарсы пікірлерді іздесе, онда сыни ойлау керісінше күшейеді. Microsoft пен Гарвард университеті жүргізген соңғы зерттеулердің бірі де осыған назар аударды: генеративті АІ күнделікті ойлау жүктемесінің бір бөлігін өзіне алады. Сондықтан адамдардың ең маңызды дағдысы енді ақпаратты есте сақтау емес, дұрыс сұрақ қоя білу, алынған жауапты бағалау және шешім қабылдау болады. Сондықтан менің ойымша, мәселе ChatGPT-де емес, оны қалай қолданатынымызда, – дейді Н.Құлмырзаев.

және келер буынға келтіретін қауіпі деп ең үлкен үш тәуекелді атап өттім.

Біріншісі – ойланбай көшіру мәдениеті. Қазір кейбір оқушылар мен студенттер тапсырманы түсінуге емес, дайын жауап алуға ұмтылады. Бұл академиялық адалдыққа ғана емес, кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына да әсер етеді.

Екіншісі – жалған ақпаратқа сену. ChatGPT жауапты өте сенімді стильде береді. Бірақ ол қателесуі мүмкін. Сондықтан ақпаратты тек табу емес, оның дұрыстығын тексеру – негізгі дағдыға айналды.

Үшіншісі – цифрлық теңсіздік. АІ құралдарын тиімді қолдана алатын адамдар мен қолдана алмайтындардың арасындағы айырмашылық жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, LinkedIn негізін қалаушы Reid Hoffman болашақта еңбек нарығында АІ-мен жұмыс істей алатын мамандардың артықшылыққа ие болатынын бірнеше рет айтқан. Сондықтан біз жастарға ChatGPT-ді пайдалануды емес, АІ-мен бірге жұмыс істеуді үйретуіміз керек.

Қазақстан үшін де бұл өте өзекті мәселе. Себебі біз енді ғана цифрлық экономиканы қалыптастырып жатырмыз, – дейді Нұрлан Серікқұлы.

Кітап пен ChatGPT-ді қарсы қою дұрыс емес

ChatGPT ең жақын серігімізге айналған сәттен бастап, қоғамда кітап оқу мәдениеті де құлдырап кеткендей көрінеді. «Жа-стар кітап оқымайды» деген мәселе бұрыннан бар. Бірақ соңғы жылдағы статистика қарын аштырады. Бәлкім, дайын ақпарат тұрғанда кітапқа қол созуға уақыт таптырмайтын болар.


Қазақстандық қоғамдық даму институтының зерттеу нәтижесіне көз салсақ, қазақстандықтардың тек 46,8 пайызы кітап оқуды дағдыға айналдырған. Бұл ел тұрғындарының кітап оқуға бос уақыт таппайтынын немесе кітапты дамыту құралы ретінде қарастырмайтынын хабар береді.

Деректерді талдау барысында бірқатар тұрақты заңдылықтар анықталған. Бір қызығы, кітап оқушының әлеуметтік жағдайы маңызды рөл ойнайды. Мәселен, әлеуметтік жағдайы жоғары топтың жиі кітап оқитынын белгілі болған. Сондай-ақ ерлерге қарағанда әйел адамдардың және алпыс жастан жоғары буынның кітапты өмірлік досқа айналдырғанын білдік. Ең өкініштісі, 29-45 жас аралығындағы азаматтар ең аз кітап оқитын топқа жатады.

ҚҚДИ жарияланған оқырман белсенділігінің статистикасы да назар аудартады: сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі – 51,2 пайызы бір жыл ішінде бір кітап та оқымағанын айтқан.

Респонденттердің тағы 29 пайызы 1-3 кітаппен шектеліпті. Сауалнамаға қатысқандардың аз ғана бөлігі тұрақты түрде кітап оқитынын жеткізген: 10,1 пайызы жылына 4-6 кітап, 4,3 пайызы 7-ден 10 кітапқа дейін, ал 4,8 пайызы жылына оннан астам кітап оқиды.

Қазақстандықтардың бос уақыты жүйесінде кітап оқу соңғы орындарда тұр. Ең көп таралғандары – туыстарымен және достарымен кездесу (50,6%), үй шаруашылығымен айналысу (44,3%), интернетті пайдалану (37,7%), балалармен айналысу (32,7%), теледидар көру және радио тыңдау (30,5%), табиғатта серуендеу (24,7%), мәдени шараларға қатысу-фильмдер, театр, концерттер



Ал GPT-3-те мүмкіндіктер одан әрі кеңейіп, жасанды интелект түрлі сұраққа жауап беру, мәтін жазу және аударма жасау сияқты тапсырмаларды орындай бастады. 2022 жылдың қарашасында көпшілікке ұсынылған нұсқамен адамдар еркін сөйлесіп, ақпарат алып, мәтін жазып, бағдарламалауға және оқуға көмек ала бастады. Қазіргі таңда қоғам GPT 5.5 архитектурасына негізделген нұсқаны пайдалануға мүмкіндік алды. Осы орайда «жасанды интелект қалай жұмыс істейді?» деген сауал көпшілікті қызықтыратыны анық. Себебі телефонның арғы жағында көпті көрген дана қарт немесе сезімді тап басатын жақының отырғандай болатын сәттер жиі қайталады. Бірақ адам тәрізді «тіл қататын» жасанды интелект моделі кітаптар, мақалалар және басқа да ашық әрі лицензияланған мәтіндерден тілдің заңдылықтарын үйренген. Ол бір мезетте ақпаратты түсіндіріп, мәтін жазуға көмектесіп, түрлі тапсырманы еш қиындықсыз орындай алады. Жауаптарды үйренген заңдылықтар негізінде құрып беретін жасанды интелектің есте сақтау қабілеті мен сана-сезімі жоқ. Әйтсе де ол «ішіндегіні білетін» қасиетімен көш бастап тұр.

ChatGPT-дың адам емес екенін баса айттық. Сондықтан оны дұрыс пайдаланбау немесе берілген жауапқа сын көзбен қарамастан, зиян келтіретін тұстары бар. Мәселен, қате ақпарат беруі ғажап емес. Кейде сенімді естілетін, бірақ дәл емес немесе ескірген ақпарат ұсынуы ықтимал.

Ең қауіпті тұсы болашақта жасанды интелект адамдардың сыни ойлауын әлсіретуі мүмкін деген болжам. Егер адам барлық жауапты дайын күйінде алып, тексермей қабылдай берсе, өз бетінше ойлану мен іздену процесі азаяды. Қазірдің өзінде оқушылардың GPT дайындаған үй тапсырмасын немесе ғылыми жұмысты өз еңбегі ретінде көрсетіп жүргені жасырын емес. Сондай-ақ қосымша жоғары тәуекелді шешімдерде қателесуі мүмкін. Медициналық, заңды немесе қаржылық мәселелерде берген жауабы кәсіби кеңестің орнын алмастырмайтынын естен шығармаған жөн. Осы орайда «Жасанды интелект» институтының директоры Нұрлан Құлмырзаевтан жасанды интелектің пайдасы мен зияны турасында сұраған едік.

– GPT-ді жұмыс барысында, күнделікті өмірде қолданамын. Бүгінде ол мен үшін іздеу жүйесінің орнына емес, интеллектуалды көмекшіге айналды. Мысалы, ресми құжаттардың құрылымын жасау, ғылыми мақалаларды талдау, бірнеше дереккөздегі ақпаратты салыстыру немесе жаңа идеяларды пысықтау кезінде пайдаланамын.

Бірақ бір маңызды қағида бар: ChatGPT – ақпарат көзі емес, ақпаратпен жұмыс істейтін құрал. Ол кейде негізі жоқ деректі де сенімді түрде айтып беруі мүмкін. Жасанды интелект саласының жетекші ғалымдарының бірі Йошуа Бенджио да АІ берген кез келген жауапты тексеру қажеттігін бірнеше рет атап өткен. Сондықтан маңызды құжаттарда, ғылыми жұмыстарда немесе заңдық мәселелерде міндетті түрде ресми дереккөздерге сүйенемін.

Айта кететін жайт, халықаралық зерттеулерге сәйкес, генеративті АІ құралдарын қолданған мамандардың өнімділігі орта есеппен 20-40% артады. Сондықтан мәселе ChatGPT қолдануда емес, оны сауатты қолдануда.

Ал ChatGPT пайдаланудың қазіргі

ра алмайды. Өйткені кітап адамның ойлау қабілетін, тіл байлығын және рухани дүниесін дамытады. Ал интернет пен ChatGPT – білім алуы жеңілдететін көмекші құрал ғана деп ойлаймын. Ал өзін ChatGPT көмегіне жүгінбеймін, – дейді Құлайша Жұмашқызы.

Кітапханашының пікірінен кейін, «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген Әл-Фарабидың даналығы еске түседі. па бақыланатын болады. Өйткені жасанды интелект оқу материалын тиімді меңгеруге, ақпаратты жылдам өңдеуге, талдау жасауға мүмкіндік береді, – дейді А.Исаков.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ChatGPT-ді дұрыс қолдана алсақ, пайдасы ұшан-теңіз. Шектен тыс сенсек, зияны да өзімізге тиеді. Осы орайда «оқушылар да ChatGPT арқылы үй тапсырмасын орындайды» деген мәселені жиі естіп

Айта кетейік, ChatGPT-ді қолдану барысында аса абай болған жөн. Көмекшіге өте құпия немесе жеке мәліметтерді (мысалы, банк деректері, құпиясөздер, жеке құжаттар) жібермеген дұрыс. Қай сәтте де жасанды интелектің сенімді серік ретінде емес, көмекші құрал ретінде қарастырылған дұрыс.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Диаграмма 1. «Сіз соңғы жылдары қанша кітап оқыдыңыз?» сұрағының жауаптары

АТАДАН ҚАЛҒАН САМАУРЫН

Адам туған үйінен біржола кетпейді екен. Тек денесі алыстағаны болмаса, көңілі, ойы, балалық шағы осында қалып қояды.

Қырсықтығы басым Нұрлан бүгін сол әңгімені тағы бір мәрте қозғау үшін арнайы келді. Үйдің іші жым-жырт. Анасы көрші үйге кеткен, әкесі қора жақта жүр екен. Қанша уақыт

өзгерткен екен, мінезін өзгерте алмапты.

Осы самаурынды атасы қолымен жасаған еді. Бала кезінде үйдегі ең қадірлі дүние де осы болатын. Қонақ келсе – төрге шығатын, мереке болса – ең алдымен осы жағылатын.

Осылайша самаурынға қарап отырған Нұрлан балалық шағын еске алды.

Таң ата әкесі қорадан бір құшақ сексеуіл мен тезек әкеліп, самаурынның түбіне от жағатын. Ал лапылдаған жалын Нұрланға қызық еді. Көзін оттан алмайтын.

– Кәне, үрлеші, – деп әкесі түтікшені ұстатқанда, бар демімен үрлеген сайын қызыл шөк маздап, аздан соң самаурынның іші баяу гүлдей бастайтын. Сол дыбыс естілсе көп ұзамай есіктен анасы көрінетін. Қолында табан жаңа түскен ыстық нан. Орамалдың арасынан шыққан бу мен жаңа піскен нанның иісі бүкіл аулаға жайылып кететін. Кейін Нұрлан дәл сол иісті талай жерден іздеді. Қаланың қымбат наубайханаларынан да таппады.

Сірә, таба нанның дәмі ұнда емес, ананың мейірінде шығар.

Артында белін сәл таянып әжесі шығатын. Белі ауырса да, шайды өзі құймай көңілі жайланбайды. Ал осы көрініске қарап атасы да мээ болып, тәубе ететін.

Ал бүгінде самаурын шаң басып, әр отбасы мүшесі өз тірлігін реттеп әлек. Иә, бақыт осы аулада, осы самаурынның жанында болғанын олар да кеш түсінді.

Аман ЖАН



Нұрлан он алты жасында арман қуып қалаға кеткен еді. Содан бері қарбалас тіршілік уақытты жұтып қойғандай. Әуелі оқу. Кейін жұмыс. Артынша үйленді, балалы болды. Қала оны өз ырғағына салып әкетті.

Туған жерге соңғы рет 3 жыл бұрын келіпті. Сағынбайды емес, әке-шешенің, ауылдың орны бөлек, шіркін. Десе де бірінің соңынан бірі жалғасқан күндер туған ауылға соғуға мұрша бермегін.

Інісі Нұрбек шетелде білім алып жүр, ал қарындасы Фаридә осы ауылда қалып, өзге әулеттің келіні атанды. Қара шаңырақтың отын өшірмей, әке-шешесіне ең жақын жүрген де – сол.

Кейінгі уақытта Нұрлан әке-шешесін қалаға көшіріп алуды жиі ойлайтын. Бірақ әкесі әрдайым: – Үйдің иесі кеткен күні үй де өледі, балам, – деп бір ауыз жауап қайыратын.

тек телефонмен сөйлесуге үйренген Нұрлан әңгімені қалай бастайтынын білмей әлек болып жүр. Көзі алақ-жулақ етіп, бірде ескі дүниелерді реттей бастады.

«Мынаны тастау керек... Мұны алып кетеміз...». Сандық, ескі орындық, кебеже. Бір кезде сарайдың бұрышында шаң басып жатқан жез самаурын көзіне оттай басылды. Таныды. Қолына алды. Шаңын үрлегенде астынан күнге тотыққан сары жез жарқ ете қалды. Шүмегі бұрап еді, мықты-ақ екен, сыр бермеді. Уақыт оның өңіне ғана



МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ МӘҢГІЛІК ЖӘДІГЕРІ

Жаз келді. Дала ыстық. Су сататын сауда үйлерінің саудасы шырақтап тұр. Тұтынатынымыз – тоназытқышта сақталған салқын су. Оның өзінде бөтелкелердегі судың температурасы жоғарылап, шөлді қандыруға жарай бермейді. Бірақ бұрын Сарыарқаны тұлпарымен дүбірлеткен бабаларымыз аптап ыстықта шөлін қандыратын сусының жанына алып жүрудің ең тиімді жолын тапқан. Бұл – торсық. Ол ішіндегі қымызды, шұбатты немесе іркітті бұзбай, балғын әрі салқын күйінде сақтауға мүмкіндік беретін табиғи тоназытқыш. Сонымен қатар ол ат үстінде келе жатқан жолаушыға ешқандай кедергі келтірмейтін, соғылғанда сынбайтын, жеңіл әрі ыңғайлы құрал болған.

Торсықтың жасалу жолы ғылым мен өнердің қосындысы десек артық айтқандық емес. Ол көбінесе ірі кара малдың, әсіресе құнан өгіздің немесе түйенің мойын терісінен немесе мықты сауыр былғарысынан тігіледі. Теріні жібіту, жидіту, илеу, қалыпқа салу, кептіру және ең маңыздысы – тобылғының немесе карағайдың түтініне ыстау жүйелі түрде орындалады. Дәл осы ыстау өңдеуі арқылы былғары бактериялардан тазарады, шірімейді және ішіндегі сусынға ерекше жұпар дәм мен хош иіс дарытады.

Торсықтың жасалу барысы туралы халық жазушысы Сәбит Мұқановтың еңбектерінен білуге болады. Ол «Торсық жасаудың технологиясы өте күрделі әрі нәзік шеберлікті қажет етеді. Былғарыны арнайы илеп, оны тобылғының немесе карағайдың қызыл түтініне ыстау процесін ерекше атап өту керек. Ыс ісісіңген торсық бактерияларды жойып, қымыздың бұзылуын тежейді және оған ерекше далалық жұпар дәм береді» деп сипаттаған. Одан бөлек «Торсық» сөзін адамды сипаттауда да қолданған. Мәселен «Керқұла атты Кендебайда» «Торсық шеке, ақ сазан тапты бір ұл» секілді теңеулер жиі кездеседі. «Торсық шеке» деп баланы атау арқылы оның болашағына молшылық пен тоқшылық тілеген.



«Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлап» деген сөзді естігендеріңіз бар ма? Торсықты өрнегінен бөлек, мағынасы үшін де еске жиі алып отырған. «Шық бермес Шығайбайларда» жазылған сөздің мағынасы аталған. Жаман адамның қолына байлық тисе, өзгереді. Жақсы күтілген жаман ат ер-тұрманның жанына байланатын торсықты да жақтырмайды. Сол сияқты жаман адам байыса, жанындағысын ұмыта бастайды.

Қазақ колонерінде торсықтың сыртқы пішініне үлкен мән берілген. Оның мүйіз, жан, шимайлы және тұмар тәрізді түрлері далалық суретшілердің геометриялық шешімдерін көрсетеді. Торсықтың сыртына түсірілген «қошқар мүйіз», «тұмарша», «сынық мүйіз» секілді ою-өрнектер тек әшекей ретінде емес, сонымен бірге береке, байлық пен судың киесін білдіретін белгілер болған.

Торсық туралы көп адам біле бермейді. Бірақ қазақы өмірді сипаттағанда бұл жәдігер жазушының қаламынан түспейді. Соның бірі – Мұхтар Әуезов. «Жаздың аптап ыстық күндерінде жайлаудағы жолаушының шөлін басатын торсықтан құйылған сары қымыздың жөні бөлек. Мүйіз торсықтан сыздықтап, бүлкілдей аққан қымыз бойды балқытып, рухты сергітеді. Оның бүлк-бүлк еткен дыбысында даланың өз әуені, өз еркіндігі жатыр» деген сөздерді сіз де оқыған боларсыз.

Қазақ халқы қандай дана десенші. Суды салқын күйде сақтаудан бөлек, жәдігерге ерекше мағына дарытқан. Ұлттық нақышпен қоса тәрбиені де сусынмен қатар бала бойына сіңірген. Өкініштісі, жәдігердің ел есінен ескіруі...

Мейір ИИЕТ

ЖАҚСЫ ЕСІМ – ЖАРТЫ ТАҒДЫР

Бірақ мұндай таңдаудың бәрі саналы шешім бе?

Кей дінтанушылар қос есім қоюға шарнағат тыйым салмайтынын айтады. Алайда қазақтың дәстүрлі дүниетанымында баланың көтеретін жүгі де ескерілген. «Есімі ауыр болмасын» деген сөз бекер айтылмаған.

Әсіресе кейінгі жылдары балаларға Пайғамбарлардың, сахабалардың немесе Алланың көркем есімдерінің өзгеріссіз берілуі жиілен кетті. Бұрынғы қазақ мұндайда сақтық танытқан. Мәселен, Рахман демеі – Рахманқұл, Рахым демеі – Рахымжан, Әзиз демеі – Әзизбек, Қадыр демеі – Қадыржан, Қарім демеі – Қарімбай деп жалғау қосқан. Мұның астарында

Ендеше ата-ана мұндай маңызды таңдауды әлеуметтік желідегі кеңестерге сүйеніп емес, білімді адамдармен ақылдасып жасағаны жөн емес пе?

Әрине ғылым «есім адамның тағдырын толық өзгертеді» деп кесіп айтпайды. Бірақ психологтардың айтуынша, адам өз есімін күніне ондаған рет естиді. Сондықтан есім – адамның өзіндік «Менінің» ажырамас бөлігі. Канадалық психолог Альберт Мехрабян есімдердің қоғамда қалай қабылданатынын зерттей келе, кейбір есімдердің адамдарда сенімділік, мейірімділік немесе бедел туралы алғашқы әсер қалыптастыратынын айтқан. Яғни, адамды алғаш көргенде оның есімі де белгілі бір әлеуметтік сигнал ретінде қызмет етеді.

– Есім – адамның тұлғасын толық айқындайтын фактор емес. Дегенмен, ол адамның өзіне деген көзқарасына және қоғамның оны алғаш қалай қабылдайтынына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан балаға есім таңдағанда оның мағынасына, айтылуына

діни және жаһандық ықпалдың күшейгенін көрсетеді.

Ал қазақтың төл есімдері ше? Бүгінде Сырым, Едіге, Жөнбек, Қобыланды, Айтоқын, Айсулу, Домалақ, Ақзер, Кенже, Қарлығаш іспеттес ұлттық бояуы қанық есімдерді сирек естиміз. Тіпті кейбір ата-ана баласының есімі өзгелерден ерекше болсын деп еш мағынасы жоқ жаңа есім ойлап табады. Біреуі әншінің құрметіне, енді бірі футболшының атымен, тағы бірі кино кейіпкерінің есімімен атайды. Мәселен, «Экспо», «Олимпиада» және тағы да осы секілді мағынасы болса да, адамға қоюдың мәні жоқ есім таңдаған жас ата-аналар бар.

Бір куантары, бүгінде Ұлболсын, Ұлжалғас, Ұлжан және сол секілді ер баланы қыз арқылы ардақтайтын есімдер сиреп келеді. Бұл да бір мәселе еді, себебі мұндай есіммен өскен қыз өзін жасқаншақ сезініп, өзіне деген сенімі төмен болады. «Мені қаламады, ұл бала болып туылу керек еді» деген қате пікірде өмір сүреді.

Ал бала сол есіммен өмір сүретінін ойландық па? Бала дүниеге келгенде бесік, киім, арба таңдау үшін апталап ізденетін ата-аналар бар. Бірақ сол баланың өмір бойы бірге жүретін есіміне кейде бірнеше минут қана жұмсайды. Біреудің кеңесімен немесе әлеуметтік желідегі сәнге қарап шешім қабылдайды.

– Жаңа туып жатқан сәби ештененен хабары жоқ, өзін қалай атаса да бәрібір, ол біліп жатқан жоқ, бірақ есейе келе бала өз атының қандай мағынаға не екенін білуге талпынады. Сондықтан ат қоюдағы үлкен жауапкершілік ата-анада. Баласының өмір бойы көтеріп жүретін есімі болғандықтан алдымен ата-анасы бұған бейжай қарамай, барлық жағын ескеруі керек, – деген екен Зейнеп Ахметова сұхбаттарының бірінде.

Қазақта «атың шықпаса, жер өрте» деген мәтел бар. Демек есімнің өзі адам өмірінде ерекше орын алған. Батырлардың, билердің, хандардың атын атаудың өзі жауапкершілік саналған. Өйткені есім құр дыбыстардың жиынтығы емес, ол – тарихтың, тәрбиенің, ұлттық кодтың бір бөлшегі.

Есім – ата-ананың баласына айтқан алғашқы батасы. Сол батаның ішінде үміт бар. Тілек бар. Сенім бар.

Ендеше біз баламызға қандай есім беріп жатырмыз? Оның мағынасын білеміз бе? Сол есімді күн сайын құрметпен атай аламыз ба? Өлде ертең көрші әжей секілді ұлы адамның атын ұрысқа араластырып, өзіміз байқамай киелі ұғымды қадірсіз етеміз бе?

Сол себепті есім таңдағанда жүрекке ғана емес, тарихқа да, дәстүрге де, дінге де, ақылға да жүгінген жөн. Өйткені жақсы есім – жақсы тілек. Ал жақсы тілек – ұрпаққа қалдырылған ең қымбат мұра.

Нұршат НЫШАНОВА



Басы 1-бетте

Адам дүниеге келгенде ең алғаш берілетін сый – есім. Ол өмір бойы адамның маңдайына жазылатын белгі, мінезіне әсер ететін рухани жүк, ұлтпен байланысын айқындайтын құндылық.

Ал бүгін ше? Біз есімнің мәнінен бұрын сәніне қарап кеткен жоқпыз ба?

Есім – адамның тағдырын толық анықтайды деу ғылымда дәлелденбеген. Бірақ есім адамның өзін қабылдауына, қоғамның оған көзқарасына, ұлттық болмыстың сақталуына әсер ететіні даусыз. Сондықтан бұл мәселе тек отбасының емес, тұтас қоғамның мәдени деңгейін көрсететін өлшемге айналып отыр.

Қазақ баласына атты ешқашан кездейсоқ қоймаған. Әр есімнің артында тілек жатқан. Ұл туса – ел қорғайтын ер болсын деп Ержан, Батырхан, Алмас, Темір секілді аттар берілген. Қыз туса – көркі мен мінезі қатар жарассын деп Айнұр, Күмісай, Назгүл, Ақмарал деп атаған.

Кейде тағдырды алдау үшін де ерекше есімдер таңдалған. Бұрын сәби шегіней берген отбасылар баласын Тұрсын, Тоқтар, Жүрсін, Аманкелді, Сағындық деп атаған. Мұндай есімдер баланың аман қалсын деген үміттен туған.

Күлменіз. Кейде тіпті көз тимесін деп Жаманбай, Тышқанбай, Көгібар деген бүгінгі көзқараспен тосын көрінетін есімдер де қойылған. Бұл баланы кемсіту емес, бәле-жаладан сақтау, баланың қамын ойлау мақсатында қойылатын.

Демек, қазақ үшін есім – сән емес, сенім еді.

Бүгінде жағдай мүлде басқа. Әлеуметтік желілерге қарасаңыз, жаңа туған сәбилердің есімдері бір-біріне ұқсас. Әли-Нұр, Әлихан-Нұр, Айша-Рабия, Медина-Фатима, Әмір-Али, Мұхаммедәли, Әмірхамза... Қосарланған есімдер көбейді. Кей отбасы мұны тіл-көзден сақтайды деп есептейді. Басқалары мұсылманша есім қою сәнге айналғандықтан таңдайды.



суреттер ашық дереккөзден алынды

ұлылықты өзіне телімеу, құрметті сақтай отырып, адамға лайықтау қағидасы жатқан.

Қазір бұл үрдіс өзгерді. Кейбір ата-аналар Алланың көркем есімдерін толық күйінде беріп жатады. Дін мамандарының өзі бұл мәселеде әртүрлі пікір айтады. Бірі кейбір есімдерді тек «Абд» сөзімен бірге қолданған дұрыс емес, енді бірі мағынасына мұқият қарау қажеттігін ескертеді.

және өмір бойы бірге жүретінін ескерген жөн, – дейді психолог.

Сондықтан есімнің дыбысталуы ғана емес, қолданылуы да маңызды.

Статистикаға көз жүгіртсек, кейінгі жылдары Қазақстанда ең жиі қойылатын есімдердің қатарында Әлихан, Әмір, Мұхаммед, Омар, Айлин, Айша, Медина, Раяна секілді аттар көш бастап келеді. Бұл қоғамдағы

● 7 ШІЛДЕ - ҚАЗАҚСТАН ҚОЛӨНЕРШІЛЕР КҮНІ

Басы 1-бетте

– Бір жұмысты толық аяқтауға қанша уақыт кетеді? Ең көп уақыт жұмсаған туындыңыз қайсы?

– Бұл адамның шабытына байланысты. Кейде бір жұмысты аяқтау үшін таңнан кешке дейін отыруға тура келеді. Алайда үйдің тіршілігі бар, арасында амалсыз үзіліс жасайсың. Жуырда облыс орталығындағы С.Айтбаев атындағы галереяда өткен көрмеге дайындалғанда бір жұмысты 20 күн тоқыдым. Уақыт тығыздығынан басқа шаруаның барлығын ысырып қойып, бар ынты-шынтымен жасап шықтым. Осылай екі айдың ішінде көлемді-көлемді төрт жұмыс тоқыдым. Ал ең ұзақ айналысқан композициямды шамамен үш ай тоқыдым.

Кейбір туындылардың көлемі шағындау болғанымен, ондағы ұсақ бөлшектер мен реңктерді дәл шығару көп уақытты талап етеді. Ал кейбір жұмыстар көлемді болғанымен, ойдағыдай жүріп отырса, тезірек аяқталуы мүмкін. Сондықтан жұмыстың қанша уақытта бітетіні оның көлеміне ғана емес, мазмұны мен күрделілігіне де байланысты. Мен үшін ең маңыздысы – жұмысты тез аяқтау емес, оның сапалы шығуы.

Әрбір туындымның өзіндік тарихы, өзіндік еңбегі бар. Сондықтан олардың әрқайсысына бірдей жауапкершілікпен қараймын. Жұмыс аяқталған сәтте ғана бойымды ерекше қуаныш сезімі билейді. Ұзақ уақыт бойы төккен еңбегіңнің

бұлай әдемі шықпайды. Мысалы, «Түркістан» атты композициям өзіміздің қара қойдың жүнінен дайындалған. Оның ішінде қара мен сұр түстерді жиі пайдаланамын. Себебі боялған жүн арасынан сұр секілді табиғи түстер кездеспейді. Боямасаң да, табиғи реңкті жүннің қара, қоңыр, сұр секілді түстерін қолданғанды жақсы көремін. Шидің сапасы да, жүннің сапасы да дайын бұйымның көркіне тікелей әсер етеді.

Қазіргі кезде бұрынғыдай барлық дүниені қолдан әзірлей бермейміз. Дегенмен ата-бабамыздан қалған әдіс-тәсілдерді ұмытпауға тырысамын. Өйткені ұлттық колөнердің қадірі тек дайын бұйымда емес, оны жасау барысында

– Жұмыстарыңыз еліміздің қай өңірлерінде көрмеге қойылды?

– Ең алғаш облыс көлеміндегі түрлі көрмеге қатысып жүрдім. Ал үлкен жобаларды айтсам, 2000 жылдары Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойында көрмеге қатыстым. Одан кейін Атырауда Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка академиясында өткен көрмеде жұмыстарым көпшілікке таныстырылды. Үлкен көрмелердің бастамасы ең алғаш осы Түркістан мен Атырау қалаларында басталды.

Астана қаласының 10 жылдығы мен Алматыда өткен халықаралық саяхат көрмесінде, «Гагарин көктемі» секілді шараларда, 2005 жылы Алматыда болған «Ұлттық өнер – ұлттық байлық» көрмесінде, 2008 жылы Астанада ашылған колөнер шеберлерінің байқауында ұйымдастырылған көрмелерде туындыларым тәрден орын алды.

2017 жылы өткен ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесіндегі Қызылорда облысының мәдениет күндері кезінде ұлттық

Өйткені бала жастан көріп, қолымен жасап өскен дүниесі оның санасында мәңгі сақталады.

– Бұл өнерді сақтап қалу үшін қандай жұмыстар атқарылуы керек деп ойлайсыз?

– Түркістан облысына барғанда көріп жүрміз, ағаш шеберлеріне, терме алаша, текемет, кілем тоқушылардың әрқайсысын бөлек-бөлек бөлмеге орналастырған. Мәселен қонақтар әр колөнер туындысының жасалу барысымен таныса алады. Қандай жарасымды тірлік!

Осындай бастамалар басқа өңірлерде де көбірек болса екен деп ойлаймын. Өйткені колөнерді тек дайын күйінде көрмеге қою жеткіліксіз. Адам оның қалай жасалатынын, қанша еңбек пен уақыт кететінін өз көзімен көргенде ғана бағалай бастайды. Шебердің жұмыс үстіндегі еңбегін тамашалау – колөнерді насихаттаудың ең тиімді жолдарының бірі.

Сонымен қатар, колөнер шеберлеріне тұрақты жұмыс істейтін шығармашылық орталықтар ашылып, олардың тәжірибесін кейінгі буынға үйретуге мүмкіндік жасалса жақсы болар еді.



ШИ ТОҚУДЫҢ ШЕБЕРІ – ЗЫЛИХА АПА

сақталатын дәстүр мен тағымда жатыр.

Әжелеріміздің жүн өңдеу, бояу, ши дайындау сияқты жұмыстардың бәрін табиғатпен үйлестіріп жасағанының өзінде үлкен тәжірибе мен даналық бар.

– Ши тоқу өнерінің қиын әрі қызықты тұсы қандай? Адамға берері бар ма?

– «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен» боласын демекші, колөнердің қайсын алып қарасаныз да жасалу барысында адамның ой-

өнерді насихаттауға атсалыстық.

2023 жылы Қырғызстан Республикасы дизайнерлер одағының «Өнер керуені» халықаралық қырғыз-қазақ симпозиумына қатысып, марапатталдым. Дәл осы жылы Түркістан облысында өткен «Ұлы Жібек жолы бойындағы тоқыма және зергерлік өнер» атты Халықаралық колөнер шеберлерінің жәрмеңкесіне қатысып, «Тұран» номинациясын иелендім. Мұның барлығы еңбегімнің бағаланғаны деп ойлаймын.

Әрбір көрмеге қатысу мен үшін тек жұмыстарымды көрсету ғана емес, тәжірибе алмасуға, өзге өнерлердің колөнер шеберлерімен танысуға, үлкен орталарды көруге мүмкіндік. Бір-біріміздің еңбегімізді көріп, пікір алмасып, жана идеялармен сусындап қайтамыз. Бұл шығармашылық адамын ізденіске жетелейді, шабыт береді.

– Қазір ши тоқу өнеріне қызығушылық қандай деңгейде? Жастардың ұлттық колөнерді үйренуге талпынысы бар ма?

– Зейнетке шығар алдында мектепте 7-8 жыл жұмыс істедім. Қыз балаларға ши тоқуды үйреттім. Үйренгісі келетіндер, қызығатын жасөспірімдер

Өнерді сақтайтын – ең алдымен оны менгеретін шәкірт. Мектептерде, колледждерде, өнер ұйымдарында үйірмелер мен шеберлік сабақтары жиі ұйымдастырылса, ұлттық мұраның ғұмыры ұзарар еді. Бұл жай ғана бұйым жасау емес, ата-бабамыздан қалған өмір салтының, дүниетанымының, тарихының жалғасы. Егер ұлттық колөнерге мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да қолдау көрсетіліп отырса, ши тоқу секілді сирек



нәтижесін көргенде, барлық шаршағаның ұмытылып кетеді.

– Ши тоқуға қажетті материалдар қайдан аласыз? Жүнді қалай дайындайсыз?

– Бұрын ауыл маңында ши өсетін. Жолдасым Асқекен әкеліп беретін. Оны түп-тамырымен алуға, зақымдауға болмайды. Себебі тамыры



өрісін дамытады. Қолөнер адамды шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, сабырға, төзімділікке үйретеді. Жүйке-жүйенді тыныштандырады, қиял әлемінді байытады. Қазір балалардың физиологиялық дамуын зерттейтін мамандар «ұсақ моториканың» маңыздылығын жиі айтады. Ши

тоқу өнері осы ұсақ моториканы дамытады. Жалпы айтқанда, шығармашылық тұрғыдан бөлек денсаулыққа да пайдалы өте көп.

Ал қызықты тұсы – әуелде жай ғана ши мен жүн болып жатқан материалдар уақыт өте келе әдемі суретке, ұлттық нақыштағы композицияға айналады. Сол сәтте өз еңбегіңнің нәтижесін көріп, ерекше қуанышқа бөленесің. Менің ойымша, колөнер адамды тек еңбекке ғана емес, әсемдікті көре білуге де тәрбиелейді. Уақыт өте келе адамның талғамы қалыптасып, айналасындағы дүниеге басқаша қарайды. Бұл өнердің тағы бір ерекшелігі адамды үнемі ізденіске жетелейді. Бір жұмысты аяқтаған соң, келесі туындыңды бұрынғысынан да жақсырақ жасағың келеді.

– Осы уақытқа дейін жасаған ең ерекше немесе өзіңіз мақтан тұтатын жұмысыңыз қайсы?

– Мысалы, Абай Құнанбайұлының «Жазғытұры» атты өлеңі бойынша композиция жасадым. Ат үстінде жігіт қызды қуып келе жатқаны, айналасына Таңбалы тастағы бейнелерді кірістіріп, жұмыс дайындадым. Оған «Жазғытұры» деп ат қойдым. Өнер адамдары лажы болса ешкімнен ештеңе көшірмегені абзал. Қиялға ерік берсең қазақтың колөнерінде шекара жоқ. Сонда да ұқсастықтар болып жатады. Қазақтың тарихы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі тұнып тұрған өнер.

Композицияларымыздың көбінде Наурыз мейрамы, асар секілді қазақтың түрлі жөн-жоралғысы бейнеленген. Әр туындыға жай ғана сурет ретінде емес, белгілі бір ой мен мазмұнды жеткізетін шығарма ретінде қарау қажет. Көрген адам жұмыстың сыртқы әдемілігіне ғана емес, оның астарындағы ұлттық құндылықтарды, халқымыздың өмір салтын, дүниетанымын сезінсе екен деймін. Мен үшін колөнердің – ең үлкен құндылығы да осы.

Бүтін болса, сол жерде келесі жылы қайтадан өсіп шығады. Алайда өкініштісі, шидің түбі қыста қармен жібіген шақта үй жануарлары, оның ішінде сиырлар жеп қояды екен. Солай жылдан жылға азайып, қазір бұл маңайда ши өсімдігі жойылуға жақын. Сондай-ақ шиді кез келген уақытта орып алуға болмайды. Мысалы жас, жасыл кезінде орып алсаң, солып ештеңеге жарамсыз болып қалады. Қара күзде, дәлірек қазан айында ол суықпен пісіп, әбден өз-өзіне келеді, қатайды. Сол кезде ғана керегінді алып, қабығын аршып пайдалануға болады.

Қызық апарат айта кетейін, киіз үйге пайдаланатын ши екіге бөлінеді екен. Бірі – «ақ ши», екіншісі – «сұр ши». Жаз мезгілінде киіз үйдің керегесіне жүн оралмаған ақ ши жабылады. Сырттан соққан салқын ауа үй ішіне еніп, мұздайтып тұруы үшін. Ал күз, қыс айларында түрлі-түсті ою-өрнегі бар жүн оралған шиді жапқан. Әрі сәндік мақсатта, әрі жылы болуы үшін.

Жүнге келетін болсақ, ши тоқуға ең ыңғайлысы – қойдың жабағы жүні. Жабағы жүн қыста қыркылады. Салалы, ұзын болады. Ал күзде қыркылатын жүн қысқа болады. Оны көбіне текемет жасауға қолданады. Ертеректе әжелеріміз қойдың жүнін қыркып алған соң жуып-шайып тазалап, қазанға салып, ыстық суда қайнатып отырып түрлі түске бояған. Бір уыс тұз салып, бояуды ең бірінші сары түстен бастаған. Себебі сары – ең ашық түс саналады. Одан кейін қызыл, көк, жасыл рет-ретімен бояйды. Мен де алғашында бояйтынмын. Қазір Тараз қаласында жүн бояйтын алып зауыт бар. Қазақстаннан бөлек, Қырғызстан, Өзбекстан секілді көршілес жатқан мемлекеттер де осы жерден сатып алады. Мұнда жүннің түр-түрі бар. Бұл жоғары сортты, сапалы өнімдер жұмыс жасауға өте қолайлы. Біздің жақтын, өзіміз дайындаған жүн будақ-будақ болған соң



кездесетін өнер түрлері ешқашан жоғалмайды деп сенемін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Аружан ОРАЛБАЙ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘРІГЕРДІҢ ОРНЫН БАСА АЛМАЙДЫ



Ол дәрігер болуды бала кезінен армандаған. Сол мақсаттың тек арман күйінде қалып кетпеуіне анасының да ықпалы зор болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын анасы дөртіне шипа іздеп, Алматыға жол тартқанда Айдарәли іштей ақ халатты абзал жан атануға бекінген еді. Бүгінде ол облыстық көпбейінді ауруханасында жалпы тәжірибелі дәрігер қызметін атқарады. Білім алу жолында талай қиындыққа шыңдалған Айдарәли Қайназаров мамандығымен мақтанатынын жеткізді. Жас дәрігердің сұхбаты бүгінгі бұйынға пайдалы болады деген үмітпен назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– Күнделікті қызмет барысындағы қиын және ең қызық сәттер қандай? Жұмыс күнііңіз қалай өтеді?

– Біздің әр күніміз жауапкершілікке, үздіксіз ізденіске толы. Әрбір науқас – жана тәжірибе, жана сабақ. Теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, аға-дәрігерлерден көп дүние үйренудемін. Осы кезең мені кәсіби тұрғыдан шыңдауда. Ең қиын сәт – ауыр жағдайдағы науқастарға шұғыл шешім қабылдау қажет болған кездер. Ал ең қызықтысы – дұрыс диагноз қойылып, емнің нәтижесін көріп, науқастың алғысын алған сәт. Жұмыс күнім науқастарды қабылдаудан, олардың шағымдарын тыңдап, тексеруден, зерттеу нәтижелерін талдаудан, диагноз қойып, ем тағайындаудан және әріптестермен бірлесіп күрделі жағдайларды талқылаудан тұрады.

– Науқастар қандай шағымдармен жиі келеді? Қазіргі кезде адамдар денсаулығына қатысты қандай қателіктер жіберуі мүмкін?

– Көбіне қан қысымының жоғарылауы, бас айналуы, бел мен мойынның ауыруы, аяқ-қолдың ұюы және жалпы әлсіздік, буын, тыныс алу жолдарының аурулары және асқазан-ішек жолдарының шағымдарымен келеді. Ең жиі кездесетін қателік – дәрігерге кеш қаралу және интернеттегі кеңестерге сүйеніп, өз бетінше ем қабылдау. Сондай-ақ

профилактикалық тексерулерден уақытылы өтпеу де көптеген аурудың кеш анықталуына себеп болады.

– Диагноз қою кезінде неге ерекше көңіл бөлесіз?

– Ең алдымен науқасты мұқият тыңдау өте маңызды. Оның шағымы, анамнезі арқылы көп мәліметтен хабар аламыз және бұл алғашқы диагноз қоюға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда зертханалық және аспаптық зерттеулер алып, нәтижелерін салыстырып, барлық мәліметті кешенді түрде бағалаймын. Диагноз тек бір талдауға емес, барлық клиникалық мәліметке сүйене отырып қойылады. Дұрыс диагноз – тиімді емнің негізі.

– Пациенттің дәрігерге сенімі ем нәтижесіне әсер ете ме?

– Әрине. Сенім – емнің маңызды бөлігі. Егер пациент дәрігердің кеңесін орындап, емдеу процесіне белсенді қатысса, нәтиже әлдеқайда жақсы болады. Сондықтан дәрігер мен пациент арасында ашық әрі сенімді қарым-қатынас болуы керек.

– Қазіргі медицинадағы ең үлкен өзгерістер жайлы ой бөліссеніз... Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар дәрігер жұмысын қалай өзгертуде?

– Кейінгі жылдары медицинада цифрлы технология өте қарқынды дамып келеді. Заманауи диагностика, жоғары дәлдіктегі зерттеулер, телемедицина дәрігердің жұмысын жеңілдетіп, науқастарға сапалы көмек көрсетуге мүмкіндік беріп отыр.


Жасанды интеллект үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам өңдеуге, зерттеу нәтижелерін талдауға және кейбір ауруларды ерте анықтауға көмектеседі. Бірақ ол дәрігердің орнын баса алмайды. Себебі әр науқасқа жеке көзқарас пен клиникалық тәжірибе қажет.

– Жас мамандарға қандай кеңес бересіз?

– Білім алуды ешқашан тоқтатпау қажет. Медицина үнемі дамып отырады, сондықтан өзімізді әрдайым жетілдіріп отыру маңызды. Сонымен қатар әр науқасқа мұқият қарап, адамгершілік пен жауапкершілікті бірінші орынға қою керек деп ойлаймын. Жақсы дәрігер тек кәсіби біліммен ғана емес, мейірімділігімен де ерекшеленеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Еңлік ЕРТАЙҚЫЗЫ



ЖИ ДЕ ЖАҢЫЛАДЫ

Бірнеше жыл бұрын жасанды интеллект жайлы сөз болғанда көпшілік оны болашақтың технологиясы ретінде қабылдайтын. Ал бүгінде ол диагнозды анықтауға көмектеседі, көлік жүргізеді, заңгерге құжат әзірлейді, компанияның клиенттерімен сөйлеседі.

Жасанды интеллектің мүмкіндігі артқан сайын оған деген сенім де күшейді. Алайда технологияның да мінсіз емес екенін естен шығармаған жөн. Ол да қателеседі. Кейде оның қатесі бірнеше жүз долларлық шығынмен аяқталса, кейде миллиондаған доллар жоғалтуға, адамның жаракат алуына немесе сот дауына себеп болады.

Ең қауіптісі – жасанды интеллект өз қатесін көбіне өте сенімді түрде айтады. Міне, үлкен қауіп осында. Ендеше әлемде болған бірнеше оқиғаға зер салайық.

2022 жылы канадалық Джейк Моффат әжесінің қайтыс болуына байланысты Air Canada әуе компаниясының сайтындағы чат-боттан билетке қатысты жеңілдік жайлы сұрайды. Жасанды интеллект оған билетті сатып алғаннан кейін де 90 күн ішінде жеңілдікке өтініш беруге болатынын хабарлайды. Алайда компанияның ресми әрежесінде мұндай мүмкіндік қарастырылмаған еді. Моффат өтемақы сұрағанда, компания одан бас тартады.

Іс сотқа жетті. Сот барысында Air Canada «чат-бот компаниядан бөлек «дербес заңды тұлға» болғандықтан, оның жауабына компания жауап бермеуі тиіс» деп күтпеген уәж айтады. Бірақ сот бұл уәжді қабылдамай, керісінше, компания өз сайтындағы барлық ақпаратқа, соның ішінде жасанды интеллектің де жауабына жауапты екенін мәлімдеді. Нәтижесінде жолдаушының шығыны өтелді.

2014-2017 жылдары Amazon компаниясы жұмысқа қабылдау процесін автоматтандыру үшін жасанды интеллект әзірлеген. Алгоритмнің мақсаты – бұрынғы мыңдаған түйіндемені талдап, үздік кандидаттарды іріктеу. Бірақ жүйе күтпеген

нәтиже көрсеткен. Өйткені ол бұрынғы деректерден үйренген еді. Ал компания тарихында техникалық қызметтерге көбіне ер адамдар қабылданған болатын. Соның салдарынан алгоритм әйелдердің түйіндемесін төмен бағалай бастады. Тіпті «women's» сөзі кездесетін құжаттарды автоматты түрде нашар рейтингке түсірген. Amazon бұл жобаны кейін толық тоқтатты.

2023 жылдың мамыр айы. АҚШ-тағы Манхэттен сотында бұрын-соңды болмаған жағдай тіркелді. Тәжірибелі адвокат сотқа ондаған беттен тұратын құқықтық құжат ұсынады. Онда бұрынғы сот шешімдері, заң баптары мен прецеденттер егжей-тегжейлі көрсетілген. Бір қарағанда, бәрі мінсіз.

Алайда судья құжаттағы деректі тексергенде күтпеген жайт анықталған. Көрсетілген алты сот ісі өмірде мүлде болмаған. Келтірілген үзінділердің

ешқайсысы кездеспеді. Кейін белгілі болғандай, адвокат мәтінді жасанды интеллект арқылы жасап, жауаптың дұрыс-бұрысын тексерместен сотқа өткізген.

Дәл осы жылы Сан-Францискода Cruise компаниясының жүргізушісіз робот-таксиі ауыр жол апатына себепкер болды. Алдымен әйелді басқа көлік қағып кеткен. Сол сәтте Cruise робот-таксиі әйелдің үстінен өтіп, кейін оны бірнеше метрге дейін сүйреп кеткен. Тергеу барысында жүйенің адамды дұрыс анықтай алмағаны және апаттан кейін көлікті тоқтатудың орнына қайта қозғалғаны белгілі болды.

2024 жылы Google компаниясының жаңа AI іздеу жүйесі қолданушыға пиццаның ірімшігі сырғып кетпеу үшін желім қосуды ұсынған. Тағы бір жауапта күніне бірнеше тас жеуге кеңес берген.


Chevrolet чат-боты көлікті 1 долларға «сатты». Иә, дұрыс оқыдыңыз. 2023 жылдың соңында интернет қолданушылары Chevrolet дилерлік орталығының жасанды интеллект чат-ботымен тәжірибе жасап көрді. Пайдаланушылар арнайы мәтіндік командалар арқылы чат-ботты шағастырып, жаңа көлікті 1 долларға сатуға «келісім» алды. Әрине, компания бұл мәмілені орындаған жоқ. Бірақ бірнеше сағат ішінде оқиға әлеуметтік желілерге тарап, миллиондаған қаралым жинады.

Жасанды интеллект – адамнан ақылды болғандықтан емес, мәліметті өте жылдам өңдей алғандықтан тиімді құрал. Бірақ ол ойламайды, жауапкершілікті сезінбейді және өз қатесін түсінбейді.

Бүгінде сарапшылардың көбі ең үлкен қауіп жасанды интеллектің қателесуінде емес, оның қателескенін адамның байқамай қалуында деп есептейді. Себебі алгоритм жалған ақпаратты да үлкен сеніммен жеткізеді.

Сондықтан жасанды интеллект қаншалықты дамыса да, соңғы шешімді қабылдайтын адам болуы тиіс. Технология – көмекші. Ал жауапкершілік әлі де адамның мойнында.

Инжу МАРЖАН



330 мың доллар тұратын гамбургердің дәмін татып көрдіңіз бе? Иә, тағамнан, оның дәмінен бұрын бағасы елең еткізеді. Құрамында алтын жоқ. Десе де гамбургердің құрамында алтына бергісіз зертхана жағдайында жасалған ет бар.

2013 жылдың тамызында профессор Марк Пост бастаған бір топ ғалым жасанды еттен жасалған гамбургерді таныстырды. Бұл идея алғаш рет XX ғасырдың басында пайда болғанымен, оны іс жүзінде жүзеге асырған нидерландтық ғалым Марк Пост болды. Ол сиырдың бұлшықет жасушаларын алып, коректік ортада көбейту арқылы ет ұлпасын өсірді. Осылайша мал соймай-ақ ет өндіруге болатынын дәлелдеді.

Диетолог Хани Рутцер мен тағам зерттеуші Джош Шонвальд гамбургерге баға беріп, ет тым құрғақ және майы аз деп түсіндірді.

Бүгінде бұл технологияны әлемнің ондаған компаниясы дамытып жатыр. Зертханалық ет өндірудің мақсаты –

дәстүрлі мал шаруашылығын толық алмастыру емес, оның экологиялық салмағын азайту. Өйткені әлемдегі ауыл шаруашылығына жарамды жердің едәуір бөлігі мал азығын өсіруге жұмсалып, ал ірі қара малдан бөлінетін метан парниктік газдардың маңызды көздерінің бірі саналады.

2020 жылы Singapore әлемде алғаш болып зертханада өсірілген тауық етін сатуға рұқсат берді. Кейін АҚШ та мұндай өнімнің жекелеген түрін коммерциялық өндіруге келісім берді. Ғалымдардың болжамынша, өндіріс көлемі ұлғайған сайын мұндай еттің бағасы қарапайым өніммен бәсекелесе алатын деңгейге түседі.

Алайда бұл технология төңірегінде пікірталас та аз емес. Кейбір мамандар оның энергетикалық шығыны мен өндірістік құнын төмендету әлі де үлкен мәселе екенін айтады. Соған қарамастан, зертханада өсірілген ет азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жана бағыты ретінде қарастырылып отыр.

Иә, кезінде адамзат аспанға ұшуды армандады. Қалта телефоны да фантастика саналды. Ал бүгінде бізді темірден жасалған алып құрылыстар емес, көзге көрінбейтін алгоритмдер, жасушалардан өсірілген ет немесе өздігінен «жарасын жазатын» материалдар таңғалдырады.

Технологиялық революция бұрын-

ғыдай зауыттарда емес, зертханаларда жүріп жатыр. Ғалымдар болашақтың көлігін ғана емес, болашақтың адам ағзасын, болашақтың энергия көзін, болашақтың компьютерін жасап жатыр.

Сарапшылардың айтуынша, XXI ғасырдың екінші жартысын дәл осы технологиялар айқындауы мүмкін. Кейбірі қазірдің өзінде қолданыста. Кейбірі енді ғана зертханадан шығып жатыр. Бірақ олардың барлығының ортақ қасиеті бар, олар адамзаттың өмір сүру тәсілін өзгертуді.

Ал сіз бен біз жиі қолданатын GPS арқылы адамзат жолдан жаңылмайтын дәуірге өтті. Қазір бейтаныс қалаға барғанда телефонды ашып, бағытты қарай саламыз. Бұл соншалықты үйреншікті әрекетке айналды, тіпті оның артында ондаған жылдық ғылыми еңбек жатқанын ұмытып кетеміз.

GPS жүйесінің тарихы 1970-жылдары басталды. Алғашында ол АҚШ әскери күштері үшін жасалған құпия жоба болатын. Кейін технология азаматтық мақсатқа бейімделді. Бүгінде Жерді айналып жүрген ондаған навигациялық спутник үздіксіз сигнал таратады. Смартфон сол сигналдардың бірнешеуін қабылдап, өзінің орнын бірнеше метр дәлдікпен анықтайды.

GPS тек екілік жүргізушілеріне ғана қажет емес. Ұшақтардың бағытын анықтау, теңіздегі кемелерді басқару, ауыл шаруашылығында егістікті сантиметрлік дәлдікпен өңдеу, құтқару операцияларын жүргізу, курьерлік қызмет, банк жүйесі, электр желілерін синхрондау – мұның бәрі GPS технологиясына тәуелді. Сарапшылардың пікірінше, егер GPS жүйесі бір тәулікке толық істен шықса, әлемдік экономика миллиардтаған

доллар шығынға ұшырауы мүмкін.

Теңіз көлігі – әлемдік сауданың күретамыры. Бүгінде халықаралық сауданың шамамен 90 пайызы теңіз арқылы жүзеге асады. Бірақ бұл саланың бір мәселесі бар. Ол – адам факторы. Халықаралық теңіз ұйымының мәліметіне сәйкес, теңіздегі апаттардың басым бөлігі адам қателігінен болады.

Осы мәселені шешудің жолы ретінде кейінгі жылдары автономды кемелер технологиясы қарқынды дамып келеді. Автономды кеме – ішінде капитан тұрмаса да, жүзу бағытын өзі есептеп, айналасындағы кемелерді, ауа райын, толқынның биіктігін және судағы кедергілерді бақылай алатын «ақылды» кеме. Оның «көзі» – радар, GPS, лидар, камералар мен ондаған датчик. Ал «миы» – жасанды интеллект.

2018 жылы норвегиялық Yara компаниясы әлемдегі алғашқы толық электрлі әрі автономды контейнер тасымалдауға арналған Yara Birkeland кемесін таныстырды. Жоба қысқа қашықтықтағы жүк тасымалын жүргізушісіз ұйымдастыруды көздейді. Ал Жапония 2022 жылы бірнеше автономды кемелерді ашық теңізде сынақтан өткізсе, Қытай қашықтан басқарылатын жүк кемелерін дамыту жобаларын іске асырып жатыр.

Мамандардың айтуынша, автономды кеме отынды тиімді жұмсайды, маршрутты дәл жоспарлайды және тәулік бойы бірқалыпты жұмыс істейді. Бұл тасымал құнын азайтып, экологиялық әсерді төмендетугі мүмкін.

Neuromorphic Computing – адам миының жұмыс істеу принципіне ұқсас технология. Мұнда

суреттер ашық дереккөзден алынды


ӨНЕРТАБЫС СӨЙЛЕСЕ...

ақпарат кәдімгі процессордағыдай ретімен өңделмейді. Жасанды нейрондар мен синапстар секілді элементтер бір мезгілде жұмыс істейді. Соның арқасында жүйе аз энергия жұмсап, күрделі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Бұл технология әсіресе робот техникасында, автономды көліктерде және ғарыш аппараттарында маңызды болуы мүмкін. Себебі мұндай құрылғыларға жылдам ғана емес, энергияны үнемдейтін есептеу жүйесі қажет.

Бүгінде әлемнің жетекші зерттеу орталықтары мен технологиялық компаниялары нейроморфтық чиптерді әзірлеумен айналысып жатыр. Сарапшылар бұл бағытты жасанды интеллекттің келесі даму кезеңдерінің бірі ретінде бағалайды.

Ең үлкен сұрақ – болашақ қандай технологиялармен келетіні емес. Сол технологияларды адамзат қандай мақсатқа пайдаланады? Өйткені кез келген өнертабыс – құрал ғана. Оның адамзат игілігіне қызмет етуі де, қауіпке айналуы да оны қолданатын адамның қолында.


Аман ЖАН



Футбол тарихында ойыншылар тек гол соғып, кубок үтүмен ғана шектелмейді. Олар тұтас бір дәуірдің символына айналады. Мақаламыздың кейіпкері Криштиану Роналду да дәл сондай тарихта есімі алтын әріптермен жазылған ұлы тұға.



ҒЫЗДАР ЖЕҢІЛМЕЙДІ...



Жер шарындағы ең алып тіршілік иесі – піл де, динозавр да емес. Ол – кит. Тіпті бүгінге дейін өмір сүріп жатқан жануарлардың ішінде ғана емес, Жер тарихында тіршілік еткен ең ірі жануар саналады. Ұзындығы 30 метрден асып, салмағы 180-200 тоннаға жететін көк киттің жүрегінің өзі жеңіл келікпен шамалас, ал тілі ересек пілдің салмағындай болады.

АЛЫП ДЕНЕ, АҚЫЛДЫ ЖАРАТЫЛЫС

Олардың тағы бір ерекшелігі – ақылында. Ғалымдар бұл жануарлардың күрделі дыбыстық жүйе арқылы бір-бірімен байланысатынын анықтаған. Әсіресе өркешті киттердің «әндері» таңғаларлық. Бір ән кейде 20-30 минутқа дейін созылып, бірнеше сағат бойы қайталануы мүмкін. Ең қызығы – бір аймақтағы барлық еркек кит бірдей әуен орындайды. Уақыт өте келе ән өзгерсе, оны бүкіл топ біртіндеп қабылдайды. Бұл табиғаттағы мәдениеттің бір көрінісі ретінде қарастырылады.

Көк киттің жүрек соғысы да ерекше. Ол суға терең сүнген кезде минутына небәрі екі-ақ рет соғуы мүмкін. Осындай баяу жүрек соғысының арқасында киттер бір сағатқа жуық тынысын ұстап тұрады. Кейбір тұмсықты киттер 3 мың метрге дейінгі тереңдікке сүнгіп, теңіздегі ең терең сүнгітін сүтқоректілер қатарына кіреді.

Осындай алып денесіне қарамастан, көк киттің негізгі қорегі – ұзындығы бірнеше сантиметр ғана болатын криль деп аталатын ұсақ шаянтәрізділер. Жаз мезгілінде бір ересек кит тәулігіне 3-4 тоннаға дейін криль жей алады. Ол аузын кең ашып су жұтады да, кейін мұрт тәрізді сүзгі пластиналары арқылы суды сыртқа шығарып, қорегін ғана қалдырады.

Ғалымдарды таңғалдыратын тағы бір құбылыс – киттердің көші-қоны. Кейбір түрлері жыл сайын 15-20 мың шақырымнан астам жол жүреді. Бұл – жануарлар әлеміндегі ең ұзақ маусымдық сапарлардың бірі. Олар суық аймақтарда қоректеніп, кейін мыңдаған шақырым қашықтағы жылы теңіздерге төлдеуге барады.

Бүгінде киттер мұхит экожүйесінің тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Олардың нәжісі темір мен азотқа бай болғандықтан, фитопланктондардың көбеюіне ықпал етеді. Ал фитопланктон атмосферадағы көмірқышқыл газының едәуір бөлігін сіңіріп, Жердегі оттегінің жартысына жуығын өндіреді. Демек, киттер климаттың тұрақтылығына да жанама түрде әсер етеді.

Өкінішке қарай, өткен ғасырда кәсіптік кит аулау салдарынан киттің сан алуан түрі күрт азайды. Халықаралық деңгейде кит аулауға шектеу қойылғанымен, олар әлі де пластик қалдықтардан, мұхиттағы шудан, кеме соқтығысынан және климаттың өзгеруінен зардап шегуде. Кейбір киттердің асқазанынан ондаған килограмм пластик табылған жағдайлар тіркелген.

Кит – жай ғана алып теңіз жануары емес. Ол мұхиттың экожүйесін сақтайтын табиғи тетік, ерекше интеллект иесі әрі миллиондаған жылдық эволюцияның ғажайып жемісі. Мұхиттың осы үнсіз алыптарын қорғау – тек бір жануарды сақтау емес, бүкіл теңіз экожүйесінің болашағын қорғау деген сөз.

Аман ЖАН

– Ертең де бүгінгідей көңілім тыныш болып оянамын. Қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Мен Португалия құрамасына үш трофей сыйладым. Криштиануға дейін Португалия бірде-бір халықаралық турнирде топ жармаған еді. Сондықтан еш өкінбеймін. Шынымды айтсам, ұлттық құрама сапындағы ең үлкен жетістігіміз – 2016 жылы Еуропа чемпионы атанғанмыз – бұл мен үшін әлем чемпионатын жеңгенмен бірдей болды.

Сол себепті көңілім тыныш. Өйткені барымды салдым, қолдан келгеннің бәрін істедім. Ал ертең – жана күн. Өмір жалғаса береді, – деді Роналду.

Осы бірнеше сөйлемнің өзінде бүтін бір өмірдің салмағы жатыр.

Көпшілік Роналдуды алтын доптарымен, Чемпиондар лигасындағы рекордтарымен немесе жүздеген голымен таниды. Бірақ оның өмірі сән-салтанаттан емес, жоқшылықтан басталды. Мадейра аралындағы шағын үйде дүниеге келген қарапайым бала үшін теңбіл доп тебу арман болды. Әкесі Жозе Диниш Авейру бағбан әрі клубтағы құрал-жабдықтарға жауапты қызметкер болып еңбек етті. Анасы Долореш бірнеше жұмысты қатар атқарып, балаларын асырады. Сол шаңырақтағы кішкентай Криштиану бір күні әлемнің ең үздік футболшысы болатынын ешкім елестетпеген де болар.

Он екі жасында туған жерінен кетіп, Лиссабонға жалғыз аттанған баланың не сезінгені туралы айта бермейміз. Анасына деген сағыныш, жалғыздық, қатарластарының мазағы – мұның бәрі оның бала күнгі серігі болды. Бірақ дәл сол қиындықтар мінезін шыңдап, жас спортшыны қайрады.

Тағдыр оған атақ бергенімен, бәрін бірдей сыйлаған жоқ.

Роналду өміріндегі ең ауыр соққылардың бірі – әкесінен ерте айырылуы. Әкесі ұзақ жылдар бойы алкогольге тәуелділікпен күресіп, 2005 жылы өмірден өтті. Сол кезде Криштиану енді ғана әлемдік жұлдызға айналып келе жатқан еді. Өкініштісі, әкесі ұлының ең биік шыңдарын – бес мәрте «Алтын доп» алғанын, Чемпиондар лигасының патшасына айналғанын, Португалияны Еуропа чемпионы еткенін көре алмады. Роналду кейін бірнеше сұхбатында: «Әкем менің жетістіктерімді толық көре алмады. Бұл – менің ең үлкен өкініштерімнің бірі», – деген болатын.

Арада жылдар өткенде тағдыр тағы бір ауыр сынақ жіберді. 2022 жылы егіз сәби күтіп жүрген Роналду мен Джорджина Родригес ұлдарынан айырылды. Сол кезде футбол әлемі бір сәтке бәсеңдеп қалғандай еді. Стадиондарда қарсылас жанкүйерлердің өзі жетінші минутта қол соғып, қайғысына ортақтасты. Бұл – спорттан да биік адамгершіліктің көрінісі болатын.

Ол тек таланттың арқасында шыңға шыққан жоқ. Роналду – тәртіптің, еңбекқорлықтың және өзін-өзі жеңудің символы. Оның мансабы Бекхэм, Зидан, Роналдо Назарио, Роналдиньо, Кака, Анри, Шевченко, Неймар, Модрич, Мбаппе сияқты бірнеше буынның жұлдыздарымен қатар өрбіді. Бір буын кетсе, екінші буын келді. Бірақ Роналду солардың бәрінен бір алаңда ойнап, әр кезеңде өз орнын сақтап қалды.


Әрине оның есімі айтылса, Лионель Месси де қатар аталады. Екі футболшы он бес жылдан астам уақыт бойы бір-бірін жаңа биіктерге жетеледі. Бірінің дарыны, екіншісінің еңбекқорлығы туралы пікірталас әлі тоқтаған жоқ. Бірақ шын мәнінде бұл бақталастық футболдың бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Егер Месси болмаса, Роналду мұншалықты шыңдалмас еді. Егер Роналду болмаса, Мессидің де ұлылығы дәл осылай аталмауы мүмкін еді. Олар бір-бірінің қарсыласы ғана емес, бір дәуірдің қос қанатына айналды.

Ұлттық құрамадағы жолы да ерекше тарих. Роналду келгенге дейін Португалия Еуропа чемпионатында да, әлем чемпионатында да алтынға қол жеткізе алмаған еді. Оның капитандығымен команда 2016 жылы Еуропа чемпионы атанды, кейін УЕФА Ұлттар лигасын екі мәрте жеңді. Әлем чемпионаты бұйырмаса да, ол Португалия футболының тарихын мәңгілікке өзгертті. Бұрын фаворит саналмайтын құрама бүгінде кез келген турнирдің басты үміткерлерінің біріне айналды. Бірақ бір кең дүние. Ұлы десек те, ол Әлем чемпионы аталмай кетті.

Иә, спортта жеңіс те, жеңіліс те қатар жүреді. «Бак шаба ма, әлде бап шаба ба?» демекші, қолда тұрған кубок та сусып кетеді. Рекордтардың өзі бір күні жаңаралы. Бірақ адамды аңызға айналдыратын нәрсе – оның соңғы нәтижесі емес, соңында қалдырған ізі.

Криштиану Роналду дәл сондай із қалдырды. Ол – тарих. Сондықтан кеше жеңілген – Роналду емес. Кеше аяқталғаны – футбол тарихындағы ең ұлы дәуірлердің бірі ғана. Ал аңыздар... аңыздар ешқашан жеңілмейді.

Қорлан САРЫ



ТАБИҒАТТЫҢ ТЫЛСЫМЫ: ҒЫЛЫМ ТҮСІНДІРЕ АЛМАҒАН ҚҰБЫЛЫСТАР

Күн сайын көріп жүрген табиғаттың өзінде әлі күнге дейін ғылым толық түсіндіре алмаған құбылыс жетерлік. Бірі қорқынышты аңызға айналса, енді бірі ондаған жыл ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді. Табиғаттың осындай тылсым қырлары адамзатқа Жер ғаламшарының әлі толық ашылмаған құпияға толы екенін еске салады.

Соның бірі – АҚШ-тағы «Death Valley»-дегі «жүретін тастар» феномені. Бұл жердегі салмағы ондаған, тіпті жүздеген келі болатын тастар ешкімнің көмегісіз құрғаған көл табанында бірнеше метрге дейін жылжып, артында ұзын із қалдырады. XX ғасырдың басынан бері бұл құбылыс көптеген болжамға негіз болды. Бірі мұны магнит өрісімен байланыстырса, енді бірі тылсым күштердің әсері деп санады. Тек 2014 жылы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде тастардың өте жұқа муз қабаты мен баяу желдің әсерінен қозғалатынын анықталды. Дегенмен мұндай жағдайдың өзі өте сирек кездесетіндіктен, бұл құбылыс әлі де табиғаттың ерекше феномендерінің бірі саналады.

Тағы бір таңғаларлық оқиға – Венесуэладағы Кататумбо найзағайы. Бұл өңірде жылына шамамен 260 түн бойы аспан үздіксіз жарқылдайды. Кейде бір сағат ішінде 250-ден астам найзағай ойнайды. Ғалымдардың айтуынша, бұған Кариб теңізінен келетін жылы, ылғалды ауа мен Анд тауларынан түсетін салқын ауа ағындарының түйісуі себеп. Соған қарамастан, мұндай құбылыстың дәл осы аймақта ғана тұрақты қайталануы әлі де зерттеліп келеді. Сондықтан Кататумбо әлемдегі ең ерекше табиғи құбылыстардың бірі ретінде танылған.

Австралиядағы таңғажайып «Morning Glory» бұлттары да табиғаттың жұмбағы саналады. Ұзындығы мың шақырымға дейін созылатын алып бұлт түтіктері көкжиек бойымен баяу қозғалады. Бұл құбылыс көбіне қыркүйек пен қараша айларында ғана байқалады. Оның пайда болу механизмі толық анықталмағандықтан, әлемнің түкпір-түкпірінен метеорологтар арнайы келіп зерттеу жүргізеді.

Африкадағы Танзания аумағында орналасқан Натрон көлі алғаш көрген адамға басқа ғаламшардың көрінісін елестетеді. Көлдің суы кей маусымда ашық қызыл немесе қызғылт сары түске боялады. Оның себебі – судың өте жоғары сілтілігі мен тұздылығы, сондай-ақ тұзды ортада өсетін микроғазалардың пигменттері. Су температурасы кейде 60°C-қа дейін жетеді. Осындай қатал ортаға қарамастан, бұл көл миллиондаған кокиказдың ұя салатын негізгі мекендерінің бірі. Табиғаттың бір мезетте әрі қатал, әрі тіршілікке қолайлы орта қалыптастыруы әлі күнге дейін адамзатты таңғалдырып келеді.

Табиғаттың әрбір тылсымы – жана сұрақтың бастауы, ал әрбір жауап – адамзат білімінің тағы бір белесі.

Инжу МАРЖАН

Суреттер ашық дереккезден алынды

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 4457
Тапсырыс: 1159